1-ші томы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2013

САМҰРЫҚ ҚАЗЫНА

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2-ші томы

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

KZ | RU | EN

# МАЗМҰНЫ


1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ
1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ
1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ
2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ
3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ
4. ҚОР ТУРАЛЫ
4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКА-ЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ
5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ
6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ
7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ
8. ГЛОССАРИЙ ҚОСЫМШАСЫ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ
1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ
1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

# 1.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» атауы қазақ мәдениетінде ғана емес, сонымен бірге тұтастай шығыс мәдениетінде ерекше, қасиетті мағынасы бар қазақ тіліндегі «Самұрық» және «Қазына» деген екі сөздің үйлесімінен шыққан.

Мәселен, «Самұрық» Феникс атты мифтік құстың шығыстық ұқсас түрі болып табылады, оның көптеген айрықша қасиеттерінің арасында сиқырлы түрде: өзінің өмірлік циклдарының бірін жанып жатқан отта аяқтау сәтінде жылылық пен жарық бере, және өзінің күл арасынан қайта тууы сәтінде – жаңару бере отырып шексіз қайта туу қабілеті болды.

Аңыздағы Самұрық құсының осы қасиеті 2006 жылы мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі жаңа холдингтің атынан көрініс тапты, ол активтерді мемлекеттік басқарудың бұрынғы тәжірибесінің жақсы жақтарын сақтап, және оған жаңа әлемдік озық практикаларды ендіре отырып, осы сапалық жағынан жаңа құрылымның Қазақстан экономикасының дамудың неғұрлым жоғары деңгейіне көшуіне жәрдемдеседі деген мақсатпен құрылды.

«Қазына» өз кезегінде – әл-ауқатпен, капиталдың сенімділігімен және мұрамен қандай да бір түрде байланысты мағынаның көптеген жағымды мәндері мен реңктері бар сөз.

Осыған байланысты осы атаудың сол 2006 жылы болашақ ұрпақтың игілігі үшін ел экономикасын тұрақты дамыту мақсатында құрылған тағы бір құрылымға берілуі заңды болып көрінеді.

2008 жылы осы екі ұйымның қосылуы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ біріскен іс-қимылынан синергетикалық тиімділікке қол жеткізуге бағытталды.

«Самұрық» және «Қазына» сөздерін Қордың атауында сақтау Қордың 2022 жылға дейінгі даму стратегиясында тұжырымдалған мақсаттарды – экономиканы оны әртараптандыру арқылы жаңартуды, ұлттық әл-ауқатты арттыруды және әлбетте, ұлттық болашақтағы әл-ауқаты туралы ғана емес, сонымен бірге осы уақытта да оны жақсарту туралы қамқорлық жасауды Қорға міндеттейтін әлеуметтік жауапкершілікті көрсетеді.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ


1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ


KZ RU EN

# 1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

«Самұрық-қазына» ақ компаниялары тобы қызметкерлерінің саны **357 997** адамды құрады (оның ішінде өндірістік персонал **325 121** адам немесе қызметкерлердің жалпы санының 90,8%-ы).

Барлық төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер

**875** млрд теңге

(2012 жылмен салыстырғанда 8,5% артық).

2013 жылғы EBITDA MARGIN

EBITDA margin — 21,30%

EBITDA margin без ЕДБ-сіз — 20,90%

Шоғырландырылған таза пайда (шығын)

| Жыл | млрд теңге |
|---|---|
| 2013 | 439,8 |
| 2012 | 1 137,9 |
| 2011 | 350,6 |

Қордың шоғырландырылған түсімінің жіө шаққандағы көлемі 2013 жылы құрады

**15,1%**

(33 521 млрд теңгеге 5 077 млрд теңге).

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



# МАЗМҰНЫ

## 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ


1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ




Активтер




Кірістер




2013 жыл үшін компаниялар бөлінісіндегі шоғырландырылған EBITDA (жақшада – 2012 жылға өзгеріс), млрд теңге



«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

KZ RU EN

# «Самұрық-Қазына» АҚ негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері

1-КЕСТЕ. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2012 жыл | Ауытқу, (+/-) | Өзгеру, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| Шоғырландырылған **таза пайда** | млрд теңге | 439,8 | 1 137,9 | -698 | -61 |
| Негізгі компания акционерінің үлесіне шоғырландырылған **таза пайда** | млрд теңге | 407,2 | 1 067,6 | -660 | -62 |
| EBITDA margin[1] | % | 20,9 | 19,8 | 1 | |
| ROA[2] | % | 2,9 | 7,9 | -5 | |
| ROE[3] | % | 5,9 | 17,3 | -11 | |

[1]EBITDA margin = = ((сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар) + (Сатудың өзіндік құнында, жалпы әкімшілік шығыстарда және тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарда ескерілетін негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы))/ Сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.
[2]ROA = Таза кіріс / Бір жыл ішіндегі орташа активтер
[3]ROE = Таза кіріс / Бір жыл ішіндегі орташа меншікті капитал

2-КЕСТЕ. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер, ЕДБ-сыз

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2012 жыл | Ауытқу, (+/-) | Өзгеру, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| Шоғырландырылған **таза пайда**, ЕДБ-сыз | млрд теңге | 719,4 | 793,9 | -74 | -9 |
| Негізгі компания акционерінің үлесіне шоғырландырылған **таза пайда**, ЕДБ-сыз | млрд теңге | 653,8 | 630,9 | 23 | 4 |
| EBITDA margin, ЕДБ-сыз | % | 21,3 | 19,3 | 2 | 10 |
| ROA ЕДБ-сыз | % | 5,0 | 6,1 | -1 | -18 |
| ROE ЕДБ-сыз | % | 9,8 | 12,1 | -2,3 | -19 |

3-КЕСТЕ. Сегменттер бөлінісіндегі 2013 жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге

| Атауы | Мұнай-газ | Тау-кен өнеркәсібі | Тасымалдау | Телекоммуникация және почта байланысы | Энергетика | Қаржы институттары және даму институттары | Корпоративтік орталық және жобалар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сатудан түскен кірістер және пайыздық кірістер | 3 253 | 334 | 999 | 214 | 210 | 78 | 200 |
| Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар | 2 354 | 267 | 712 | 155 | 160 | 54 | 113 |
| **Жалпы кіріс** | **899** | **67** | **311** | **59** | **50** | **24** | **86** |
| Жалпы әкімшілік шығыстар | 161 | 38 | 96 | 25 | 18 | 20 | 26 |
| Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар | 332 | 5 | 5 | 5 | 0 | | |
| Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру | 6 | 1 | | | | 40 | |
| Активтердің құнсызданауынан шығындар | 70 | 25 | 5 | 1 | 1 | 120 | 220 |
| **Операциялық қызметтен пайда (шығын)** | **341** | **0** | **169** | **28** | **33** | **-67** | **-160** |

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

KZ RU EN

# 1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

## I тоқсан

### ҚАҢТАР

Қор Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 22 ақпандағы шешімімен (№ 88 хаттама) Қордың 2013-2022 жылдарға арналған кадр саясаты бекітілді.

Қор тобы еншілес және тәуелді компанияларының (бұдан әрі – ЕТҰ) 50%-ы Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде электрондық сатып алуларды жүзеге асыруға көшірілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ халықаралық ISO/IEC 27001:2005 стандартына сәйкестігіне сертификациялық аудиттен өтті.

«Fitch Ratings» «Қазақтелеком» АҚ-ның эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтинг бойынша болжамын «Жағымсыздан» «Тұрақтыға» жақсартты және ЭДР «ВВ» деңгейінде растады.

«Samruk-Green Energy» ЖШС индустрияның 700 астам негізгі ойыншыларын біріктіретін Еуропадағы жел энергетикасы кәсібилерінің ең қуатты желісі болып табылатын Еуропалық жел энергетикасы қауымдастығына/ European Wind Energy Association кірген қазақстандық алғашқы компанияға айналды.

Каспий құбыр консорциумы (ККҚ) мен халықаралық банктер синдикаты ККҚ экспорттық жүйесін кеңейту жобасы жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру үшін $500 млн астам сомадағы кредиттік желі туралы келісімге қол қойды.

Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара желісі бойынша жолаушылар қозғалысы басталды.

Американың ConocoPhillips Petroleum Holding компаниясынан 32 млн АҚШ долларына оның Каспий теңізінің қазақстандық қайраңында орналасқан «Н» блогын игеру жөніндегі жобадағы үлесі (24,5%) сатып алынды.

### АҚПАН

Мемлекет басшысының жаңа экономикалық саясатты іске асыру үшін отандық кадрларды міндетті түрде оқытумен алдыңғы қатарлы шетелдік мамандарды тарту жөніндегі тапсырмасын іске асыру басталды.

Біріккен Араб Әмірліктерінің «Emirates Post» почта байланысы операторымен халықаралық почта жөнелтілімдерімен алмасу туралы келісімге және Ақша аударымдары туралы келісімге қол қойылды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мен «Эйрбас Милитари» ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау жылдық және жарты жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен басқа, тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырылады.

### НАУРЫЗ

«Адам ресурстарын басқару: ІІІ мың жылдықтың HR-трендтері» атты VIII халықаралық HR-конференция өткізілді, оның шеңберінде ең үздік жұмыс берушіні және «Сенім-2012» үздік HR-жобаны айқындауға арналған Республикалық конкурстың қорытындылары шығарылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «4-і жүйе – Инновациялық идеялардың ақпараттық инкубаторы» жобасы және www.zhastemir.kz корпоративтік әлеуметтік желісі үшін «Үздік HR-жоба» номинациясында «Сенім-2012» сыйлығының дипломанты.

Қор Кадр комитетінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 2/13 шешімімен Персоналдың тартылушылығына зерттеу жүргізу әдіснамасы бекітілді.

Каспий теңізі қазақстандық секторының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Қазақстан Республикасының теңіздерінде және ішкі су айдындарындағы мұнай төгілімдерінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ұлттық жоспардың» жаңа редакциясы жарияланды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және «Еврокоптер» компаниясы Әскери мақсаттағы тікұшақтар жасау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

## II тоқсан

### СӘУІР

Қазақстан және Түркменстан Президенттері Н. Назарбаев пен Г. Бердімұхамедов «Болашақ станциясы (Қазақстан Республикасы) – Серхетяка станциясы (Түркменстан)» өткелі бойынша елдердің арасында тікелей темір жол қатынасын ашты.

Қор компанияларының арасындағы тағайындаулар үшін мираскорлар даярлауды қамтамасыз етуге арналған «ТОП 100» бағдарламасын іске асырды.

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

KZ RU EN



ТОП-100 резервшілерінің тізімі бекітілді, оған Қор қызметкерлері және Қордың 10 компаниясынан басқарушы қызметкерлер кірді.

Қор Кадр комитетінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 3/13 шешімімен шетелдегі Жұмыс тәжірибесі бар біліктілігі жоғары мамандарды «Самұрық-Қазына» АҚ тобына тарту жөніндегі негізгі тәсілдер бекітілді.

Компаниялардың ұзақ мерзімді құнының артуына байланысты ұзақ мерзімді перспективада бизнесті тұрақты дамытуды ынталандыру мақсатында компаниялардың басшы қызметкерлері үшін ұзақ мерзімді сыйақы бағдарламасы бекітілді.

«Samruk-Green Energy» ЖШС және немістің «KD Stahl- und Maschinenbau GmbH» компаниясы қуаттылығы төмен жел электр станцияларын жасау жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы негіздемелік келісімге қол қойды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «DP World» компаниясының арасында Ақтау теңіз портын және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА басқару жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Екібастұз МАЭС-1-де № 2 энергоблогының үздіксіз жұмысы бойынша рекорд қойылды. Станцияның кідіріссіз және тоқтаусыз жұмысының барлық жылдары ішінде алғаш рет бес ай ішінде 1,8 млрд кВт/сағат электр энергиясы өндірілді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бірыңғай оператор ретінде Қостанай облысының бөлгіш газ құбырларының 1 306 км сенімгерлікпен басқаруға қабылданды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және Эстонияның «AS Vopak E.O.S. Ltd.» компаниясы Қазақстанда дайындалған 15 ТЭЗЗА тепловозын сатып алу туралы келісімшартқа қол қойды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Халықаралық темір жолдар одағының Азия-Тынық мұхиты Өңірлік Ассамблеясының 15-ші отырысын өткізді.

2013 жыл «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту жылы болып жарияланды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылды.

Оралда «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ еншілес кәсіпорны «Зенит» Орал зауыты» жасаған «Орал» зымыран-артиллериялық кемесі суға түсірілді.

Қордың аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау мерзімі 23 күнтізбелік күнге қысқарды.

## МАМЫР

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес «Даму» КДҚ» АҚ, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» СК» АҚ, «Қазақстан Даму банкі» АҚ акцияларының 100 пайыз пакеттері кейіннен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға берілетін болып, республикалық меншікке берілді.

«Standard&Poors» «Қазақтелеком» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін: «BB» «Тұрақты» болжамы деңгейінде растады.

Қазақстан және Түркменстан Мемлекет басшыларының қатысуымен «Қазақтелеком» АҚ және «Түркментелеком» ЭМК телекоммуникация желілері түйісінің ашылуы. Бекдаш (Түркменстан) – Темір баба (Қазақстан) учаскесінде телекоммуникация желілерінің түйісін ұйымдастыру Қазақстанға Орталық Азия хабы ретінде түпкілікті қалыптасуға мүмкіндік берді.

Вашингтон қаласында (Колумбия округы) АҚШ-тың уран нарығындағы сату үлесін ұлғайту, осы елдегі уранды барлық түпкілікті тұтынушылармен тікелей тұрақты байланыстарды жолға қою және ұстау мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның АҚШ-тағы өкілдігінің ашылуы болды.

Астанада құрылтай конференциясы болды, онда «Самұрық-Энерго» АҚ, «Кәсіподақ Энергия» ҚБ, «Шығыс Қазақстан электр желілерінің кәсіподақ ұйымы» ҚБ және «Алматы облысы Мойнақ СЭС кәсіподақ ұйымы» ҚБ компаниялары тобына кіретін кәсіподақ ұйымдарынан келген делегаттар «Энергетиктер кәсіподақтарының федерациясы» қоғамдық бірлестігін құру туралы қаулы қабылдады.

«KEGOC» АҚ БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылды.

Отан қорғаушылар күнін мерекелеу құрметіне «Отар» әскери базасында Әскери парадтың өткізілуі барысында «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ құрамына кіретін кәсіпорындар жасап шығарған әскери, азаматтық және қосарлы мақсаттағы арнайы техни-

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ
1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ
1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ



канын, қару-жарақ пен байланыс құралдарының жаңа және жаңғыртылған үлгілерін көрсету болды.

## МАУСЫМ

Е.Л. Бахмутова «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы болып сайланды.

Қор Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 26 маусымдағы шешімімен (№94 хаттама) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат бекітілді.

2012 жылдың қорытындылары бойынша «Қазпочта» АҚ акциялары бойынша Компания таза кірісінің 15% мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім.

«Самұрық-Энерго» АҚ сатып алушылар үшін өтеуге облигациялардың жылдық 7,0% мөлшеріндегі кірістілігімен Қазақстанның қор биржасына (KASE) 2,384 млрд теңге сомасына облигациялар орналастырды.

Fitch Ratings ҚМГ шетелдік валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (ЭДР) «BBB», «Тұрақты» болжамы деңгейінде растады. Сонымен бір мезгілде KazMunaiGaz Finance Sub B.V. шетелдік валютадағы қамтамасыз етілмеген басым рейтингі «BBB» деңгейінде расталды.

«Алматы – Атырау» бағытындағы «Сарайшық» жаңа жүрдек поезы іске қосылды.

Астанада Ә.Е. Шөкеевтің төрағалық етуімен «Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы Сараптамалық-консультациялық кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңестің жұмысына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, қоғам қайраткерлері, заңгер ғалымдар, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген мамандар қатысты. Отырыста мынадай өзекті мәселелер қаралды: Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұйымдарды корпоративтік басқаруды және олардың қызметін жетілдіру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы, Қор тобының бейінді емес активтерді қысқарту жөніндегі іс-шараларының іске асырылуы туралы.

## III тоқсан

## ШІЛДЕ

«Қазақтелеком» АҚ ай сайынғы төлем деңгейін өзгертпестен Megaline және iDNet кейбір тарифтік жоспарларында Интернет желісінің сыртқы ресурстарына қол жетімділік жылдамдығын ұлғайтты.

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси әріптестермен дипломатиялық қатынастар орнатуының 20 жылдығына арналған «Естелік және мерейтойлық күндер» сериясындағы маркаларды жою салтанаты өтті.

Қадағалау аудитінің қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ қолданыстағы интеграцияланған менеджмент жүйесі (ИМЖ) халықаралық стандарттарға сәйкес деп танылды.

Қордың ЕТҰ 100% көлемінде Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде сатып алуды жүзеге асырады.

Румынияның SC Rominserv SRL компаниясымен құжаттама әзірлеуге, жабдықтар мен материалдар сатып алуға, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған шартқа қол қойылғаннан кейін Павлодар МХЗ қайта жөндеу жобасын іске асырудың жаңа кезеңіне көшіру туралы жарияланды.

Астанада «GEVO» локомотивтік дизель қозғалтқыштарын жасау зауытының құрылысы алаңында естелік плита ашылды.

## ТАМЫЗ

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Астана қаласындағы теміржолшыларға жаңа пәтерлердің кілтін табыс етті.

Қордың өндірістік компанияларына қызметтің стратегиялық әлеуметтік негізгі көрсеткіші (ҚНК) болып табылатын Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін енгізді.

Қор Басқармасының жанындағы Кадр комитетінің шешімімен Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін (индексін) айқындау әдіснамасы бекітілді.

Өнеркәсіптік автоматтандыру ескеріле отырып, Қазынашылық функцияны басқарудың мақсатты моделін енгізу жобасының жаңартылған жоспары мақұлданды. 2013 жылы қазынашылықты орталықтандырудан болған тиімділік 16,4 млрд теңгені құрады.

«Қазпочта» АҚ-ға Visa International Операциялық комитетінің шешімімен Visa халықаралық төлем жүйесінің қағидаттық мүшесі мәртебесі берілді.

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ
1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ
1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ



«Тұлпар-Тальго» зауытының вагондарынан тұратын Астана – Атырау – Астана жолаушылар поезының жедел маршруты ашылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Алматыда Мамыр жаңа кіші станциясын пайдалуға енгізді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ мен «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС арасында «Ақтаугазсервис» АҚ акциялар пакетінің 100% сенімгерлікпен басқару шартына қол қойылды. Енді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Маңғыстау облысын газбен жабдықтауды толық қамтамасыз ететін бірыңғай оператор болып табылады.

Moody's өз қызметін Қазақстанның мұнай-газ секторында жүзеге асыратын жеті корпоративтік ұйымның «Baa3» рейтингі болжамын «тұрақтыдан» «жағымдыға» өзгертті. Олардың ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚМГ БӨ, KazMunaiGaz Finance Sub BV, «ҚазТрансОйл», «ҚазТрансГаз», «Интергаз Орталық Азия» және «Интергаз Finance BV» бар.

РФ тарифтер жөніндегі федералдық қызметі Қазақстаннан мұнай транзитіне арналған арнайы «Транснефти» тарифінің күшін жойды. Мұнай және мұнай өнімдерінің Беларусь, Қазақстан және Ресей ортақ нарығы туралы келісімнің күшіне енуіне байланысты Қазақстан мұнайының транзитіне Ресей ставкаларын қолдану туралы шешім қабылданды.

Fitch Ratings «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ-ға шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингілерін «BBB-» және «BBB», шетелдік валютадағы қысқа мерзімді ЭДР «F3» деңгейінде берді. Ұзақ мерзімді ЭДР бойынша болжам – «Тұрақты».

FC19 жобасының зауыттық № 3 «ҚАЛҚАН» тез жүретін катерін суға түсіру жүзеге асырылды.

«Тұлпар-Тальго» вагондарынан тұратын № 63/64 Астана – Семей жүрдек жолаушылар поезы қатынай бастады.

## ҚЫРКҮЙЕК

ҚХР төрағасы С. Цзиньпиннің Қазақстанға мемлекеттік сапарының шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин және Ляньюньган қаласы партия комитетінің хатшысы Л. Цян ҚТЖ-ның Ляньюньган қаласының (ҚХР) халықтық үкіметімен ынтымақтастығы және өзара іс-қимылы туралы келісімге қол қойды.

Қазақстан және Қытай құны $190 млн болатын «Іле өзенінде қарсы реттегіш Кербұлақ СЭС құрылысын салу» жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» бекітілді.

Жұмысшы кадрлар даярлаудың дуалдық жүйесін дамыту мақсатында Қор мен «Кәсіпқор» Холдингінің арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Екі жаңа топ – 50 бала – Солнечный кентінде Екібастұз МАЭС-2 салған балалар бақшасына бару-ды бастады.

Ақбұлақ кентінде Бозой – Шымкент учаскесінде Бейнеу – Бозой – Шымкент (ББШ) магистралдық газ құбырын газбен толтыруды бастаудың ресми салтанаты болды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының мұнай мен газды барлаумен, өндірумен, тасымалдаумен, мұнай өңдеумен айналысатын, сондай-ақ сервис секторында жұмыс істейтін кәсіпорындарының кәсіподақ бірлестіктері «Мұнайгаз кешені қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігін құрды.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті.

2012 жылдың қорытындылары бойынша жыл сайынғы шолу шеңберінде Moody's Investors Service рейтингілік агенттігі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ эмитентінің рейтингін «Baa3» деңгейінде және басым талап ету құқығымен қамтамасыз етілмеген бағалы қағаздар рейтингін «Baa3» деңгейінде растады. Болжам «Тұрақты».

Теңбе-тең негізде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ тиесілі «Уранды байыту жөніндегі орталық» ЖАҚ және «ТВЭЛ» ААҚ («Росатом» МК кіреді) Ресейдегі «Урал электр химия комбинаты» ААҚ жарғылық капиталындағы 25% плюс 1 акцияны сатып алды.

## IV тоқсан

## ҚАЗАН

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ





экономикалық аймағын дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ «Алатау» АТП АЭА-да «Деректерді өңдеудің ақпараттық-коммуникациялық орталығын» құру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асырды.

Ақкөл кентінде алаңы – 480 м$^2$, 80 дана санындағы серверлік тіректері бар, сыйымдылығы – 1 000 жабдық бірлігі бар, қуаты: 1 МВт, резервтеу деңгейі – N+1, қол жетімділік арнасы – 20 Гб/с, ДӨО қол жетімділігі – 99,749% сенімділік деңгейінің дата-орталығы – Tier II іске қосылды.

Мәскеуде DREAM атауын алған Еуропа мен Оңтүстік Шығыс Азия арасында деректерді жылдам беруді ұйымдастыру жөніндегі халықаралық жобаны іске қосу болды. Магистраль Қазақстанның, Ресейдің, Украинаның, Словакияның, Австрияның, Германияның аумағы арқылы өтеді. Шеткі нүктелердің арасындағы – Майндағы Франкфурт – Қазақстан/Қытай шекарасы арасындағы маршруттың жалпы ұзақтығы – 8 700 километр.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Солтүстік Каспий жобасындағы ConocoPhillips үлесінің 8,4% сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады. Мәміленің сомасы $5,4 млрд құрады.

Әзірбайжан тарабы сол уақытта алға қойған жеткізу шарттарымен келіспеудің нәтижесінде 2008 жылы үзіліп қалған Баку – Тбилиси – Джейхан (БТД) мұнай құбырымен теңіз мұнайын тасымалдау жалғастырылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Шеньчжен қаласындағы «China International transport and logisticfair» көрмесіне қатысты және ҚХР, Еуропа және Ресейлік әріптестерімен бірқатар келісімдер жасасты.

Қор Басқармасы Қор тобына кіретін ұйымдардың заң консультанттарындағы мүдделер қақтығысын анықтау, есепке алу және мониторингілеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітті.

## ҚАРАША

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «Қазпочта» АҚ Басқарма төрағасы болып А.Н.Бейсенбаев тағайындалды.

Fitch Ratings Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компанияның («KEGOC» АҚ) эмитенті дефолтының рейтингін (ЭДР) «BBB+» деңгейінде растады. Болжам – тұрақты.

Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастық форумының шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ және «НК «Роснефть» ААҚ арасында Ресейдің жылына 7 млн тонна көлеміндегі мұнайын ҚХР бағытында тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасу көзделетін «Қазақстан Республикасының аумағы арқылы мұнай тасымалдаудың алдын ала шартына және кепілдіктерге» қол қойылды.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ жалпы көлемі $200 млн тұратын өзінің халықаралық облигацияларының алғашқы шығарылымын табысты орналастырды.

Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ қамқорлығымен «Жаңа Жібек жолы – Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропаға» атты II Халықаралық көлік-логистикалық бизнес-форум өтті.

## ЖЕЛТОҚСАН

Жалпыұлттық телекөпірдің барысында ел Президентіне «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» желілерінің түйісуі көрсетілді. Мемлекет басшысы Каспий теңізінде жұмыс істеу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ сатып алған жүк таситын кемелерге «Түркістан» және «Бекет ата» атауларын берді.

Индустрияландыру күнінің шеңберінде «Қазақтелеком» компаниясы Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Өскемен және Шымкентте жаңа үлгідегі LTE (4G) деректер беру желісі іске қосылды. Алматы облысында ҚР Президенті Н. Назарбаев Қапшағай күн электр станциясын салтанатты жағдайда іске қосты.

Электрондық-оптикалық приборлар шығару жөніндегі «Қазақстан АСЕЛСАН инжиниринг» Қазақстан-Түрік бірлескен кәсіпорны ашылды.

Казанах, Темасек және Мубадала сияқты әлемдік ұлттық әл-ауқат қорларымен Қордың бенчмарк-талдауы өткізілді. Нәтижелер кейбір аспектілер бойынша Қордың әлемдегі өзінің ұқсастарынан жоғары тұрғанын көрсетті, алайда жекелеген салаларда әлі де «тар орындар» бар және таяудағы болашақта Қор қызметінің тиімділігін арттыру әлеуеті бар.

2013 жылы Қордың өндірістік компанияларында («Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ,

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2013 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

1.3. 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін айқындаудың пилоттық жобасы іске асырылды.

2013 жылы Қордың компаниялары 33 колледжбен әлеуметтік әріптестік туралы шарт жасасты, онда Қорда қажет болатын 26 кәсіп бойынша 1000 астам оқушылар қамтылды.

«Дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін акционерлік қоғамдардың ішкі аудит қызметі туралы үлгі ереже»; «Дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін акционерлік қоғамдарда ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»; «Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін ұйымдардың ішкі бақылау жүйесі туралы үлгі ереже» жаңа редакцияда бекітілді.

«Сенім-2014» IV Республикалық конкурсы басталды. Оған қатысу үшін 8 номинацияда 100 өтінім берілді.

Қордың тобында 600-ден астам медиаторлар мен келіссөз жүргізушілер даярланды. Еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша, медиация туралы 4 ақпараттық анықтамалық жасалды.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының Қапшағай қаласында қуаты 2 МВт күн электр станциясын пайдалануға енгізу жөніндегі актісіне қол қойылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да Корпоративтік менеджмент жүйесінің (КМЖ) ISO 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне екінші қадағалау аудиті табысты жүргізілді.

Қор мен Б.Өтемұратовтың арасындағы келісімдерге қол қойылды, олардың шеңберінде «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ акцияларын сату жоспарлануда. Қор мен сатып алушылардың – «Қазкоммерцбанк» АҚ және К.Рақышев мырзаның арасында «БТА Банк» АҚ акцияларын сату жөніндегі мәміленің негізгі шарттары келісілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50%-ын, сондай-ақ «Қазгидротехэнерго» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын сатып алу туралы келісімге қол қойды.

«KEGOC» АҚ қызметкерлерінің тобы «Ілмегін жердің бетіне шығара отырып, аралық тіректердің созғыштарын бекітудің анкерлік түйіні» өнертабысына инновациялық патент алды.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясы «АЗПМ-де жол битумдарын өндіру» жобасының объектілерін пайдалануға енгізу туралы актіге қол қойды. Өндіріс басталды.

«ҚазМұнайГаз» - Өңдеу және маркетинг» АҚ компаниялары тобының «ҚазМұнайГаз» логотипінің астына Атырау мұнай өңдеу зауытын, Павлодар мұнай-химия зауытын және «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ біріктіретін «қолшатырлық» бренді құрылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Атасу–Алашанкоу магистралдық мұнай құбырының екі жаңа мұнай айдайтын станцияларын пайдалануға қабылдады.

Қазақстан мен Ресей Федерациясының арасында «Қазақстан Республикасының аумағы арқылы мұнай тасымалдау және кепілдіктер туралы» үкіметаралық келісімге қол қойылды, оған сәйкес 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Ресейдің мұнайына айырбасқа Қазақстан өзінің ұқсас көлемдегі мұнайын Қытайға жөнелтетін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен Астана қаласында аффинаж зауытының құрылысы аяқталды.

Маңғыстау атом энергетикалық комбинатында тәулігіне 12 000 тонна өнімділігімен теңіз суын тұщылату жөніндегі жаңа кешен іске қосылды.

Өскемен қаласындағы «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны) зауытында фотоэлектрлік ұяшықтар – күн энергиясын электр энергиясына түрлендіргіштер өндірісі іске қосылды.

«KEGOC» АҚ ӘЖ 500 кВ «ЮКГРЭС – Алма» құрылысын аяқтады.

«Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы Сараптамалық-консультациялық кеңестің кезекті отырысы өтті. Осы отырыс бейінді емес активтерді өткізу үдерісінің ағымдағы жағдайы және Қор тобындағы әкімшілік шығыстарды қысқарту жөніндегі іс-шаралар және сондай-ақ Қор тобының компанияларындағы әлеуметтік тұрақтылық рейтингі мәселелеріне арналды.

# «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,

**К. Қ. МӘСІМОВ**

## Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

«Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылғы қызметінің қорытындылары Standard&Poor's компаниясының кредиттік рейтингін – «ВВВ+» және «тұрақты» болжам түрінде сақтауға мүмкіндік берді.

«Самұрық-Қазына» АҚ бақылауындағы активтердің стратегиялық маңыздылығын және күшті қаржылық позицияларын да Fitch Ratings рейтингілік агенттігі атады, ол «Самұрық-Қазына» АҚ-ға 2013 жылы «ВВВ+» және «тұрақты» болжам кредиттік рейтингін берді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2013 жылғы таза шоғырландырылған пайдасы екінші деңгейдегі банктерді есептемегенде 719,4 млрд теңге мөлшерінде бағаланады.

2013 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобы бюджетке салықтар мен төлемдерді барлығы 875 млрд теңге сомасында төледі, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 8,5% артық.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жыл қызметінің қорытындылары бойынша 2013 жылы республикалық бюджетке аударған дивидендтердің сомасы 9,1 млрд теңгені құрады.

2013 жылғы 22 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялық саясатын бекітті, оның мақсаты «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес (тәуелді) ұйымдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын, сондай-ақ инвестициялық үдерістердің шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен еншілес (тәуелді) ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру болып табылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның инвестициялық қоржыны жиынтық сомасы шамамен 139 млрд доллар болатын 138 жобаны қамтиды.

## «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

«Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық қызметінің негізгі бағыттарының бірі Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде Республикалық және Өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асырудан тұрады.

Бүгінгі таңда «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының тобы ҚР ҮИИДМБ шеңберінде жалпы сомасы 2,7 млрд доллар болатын 11 инвестициялық жобаны іске асыруды аяқтады, үш жылдың ішінде шамамен 6 мың жұмыс орны құрылды. 2013 жылы Ақтау пластикалық массалар зауытында жол битумдарын өндіру басталды, аффинаж зауыты пайдалануға берілді, фотоэлектрлік модульдер өндірісі іске қосылды. Осы жобалардың іске асырылуы жаңа өнімдер өндірісін іске қосу және алдыңғы қатарлы технологиялар тарту үшін негіз қалайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ сандық көрсеткіштеріне талдау жасауға ғана емес, сонымен бірге инновацияларды дамытудың сапалық нәтижелерін бағалауға да мүмкіндік беретін инновациялық-технологиялық даму рейтингін айқындауға арналған есептілік жүйесі «Самұрық-Қазына» АҚ инновациялық саясатының ең маңызды құрауыштарының бірі болып табылады.

Мәселен, 2013 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары жалпы сомасы 2,7 млрд теңге болатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге қаражат жіберді; инновациялық жобаларға инвестициялар жалпы сомасында 150 млрд теңгеден астамды құрады. Бұл ретте, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ сияқты 3 компания бойынша инновацияларды дамыту нәтижесі ретінде пайданы және/немесе шығыстардың үнемін алу байқалады. Одан әрі инновациялық даму операциялық тиімділікті арттыруға және «Самұрық-Қазына» АҚ тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаның шеңберінде банк секторындағы жағдайды тұрақтандыру жөніндегі міндеттердің шешілуіне байланысты, «Самұрық-Қазына» АҚ Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес әлеуетті инвесторлармен келіссөздерді аяқтады және 2013 жылғы желтоқсанда «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «БТА Банк» АҚ акциялары пакеттерін сату жөніндегі мәмілелердің шарттары келісілді.

Өткен жылы даму институттары жаңадан құрылған «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингіне» берілді. Соның нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ нақты сектор компанияларының қызметіне, ең алдымен олардың кірістілігін арттыруға және акционер үшін құн жасауға назар аударатын болды.

2013 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа экономикалық саясатты іске асыру үшін отандық кадрларды міндетті түрде оқыта отырып, үздік шетелдік мамандарды іздестіру, таңдау және тарту жөніндегі жұмысты бастады. Шет елдерден келетін біліктілігі жоғары мамандармен күшейтуді және олардың тәжірибесін пайдалануды талап ететін негізгі бағыттар және проблемалық аймақтар анықталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ЭКСПО-2017 өткізу шеңберінде Астана қаласында «Жасыл орам» маңызды имидждік жобасы іске асырылуда, оның аумағына энергия тиімділігі саласындағы соңғы әзірлемдерді қолдана отырып, әкімшілік-іскерлік орталығын, тұрғын үй орамдарын, саябақтар мен әлеуметтік-мәдени объектілер орналастыру жоспарлануда.

Қазақстан халқының өңірлік (ішкі) әуе тасымалдарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, өңірлік жаңа әуе компаниясын құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік басқару қағидаттарын ойдағыдай енгізіп жатқандығын атап айту қажет. Осыған байланысты, оның стандарттарын ЭЫДҰ стандарттарына барынша жақындату жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады, бұл ретте нақты өкілеттіктері және бәсекеге қабілетті құрамы бар тиімді директорлар кеңестерін құруға ерекше маңыз берілетін болады.

Тұтастай алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ жұмысының нәтижелері Мемлекет басшысы алға қойған «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының ұзақ мерзімді құнын арттыру және тұрақты дамуды, экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу арқылы елдің ұлттық әл-ауқатын арттыруға ықпал ету жөніндегі міндеттің ойдағыдай шешіліп жатқандығын көрсетеді.

МАЗМҰНЫ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ





# «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының төрағасы

**Ө. Е. ШӨКЕЕВ**

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2013 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Мемлекет басшысының тапсырмаларын және Қордың Даму стратегиясын мынадай үш бағыт бойынша іске асыруға жұмылдырылды: компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру; ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу; әлеуметтік жауапкершілік. Қызметтің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

Біз Қор тобы компанияларының операциялық тиімділігін, өнімділігін және кірістілігін арттыру есебінен компаниялардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайта алдық. 2013 жыл ішіндегі Қордың шоғырландырылған таза кірісі екінші деңгейдегі банктерді есептемегенде 719,4 млрд теңгені құрады, бұл жоспарлы деңгейден 9,4% артық. Біз операциялық кірістілік (EBITDA margin) сияқты тиімділіктің негізгі көрсеткішін жақсарттық. 2011 жылы ол 23,4%-дан 17,8% дейін кеміді. 2013 жылы біз оны 21,3% дейін ұлғайттық. Біз теріс серпінді түзетуге қол жеткіздік.

Бұдан басқа, 2013 жылы екінші деңгейдегі банктерді ескермегенде «Акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда» көрсеткіші артты және 653,8 млрд теңгені құрады. Қаржылық тұрақтылықтың бекітілген көрсеткіштері (Борыш/EBITDA және Борыш/Капитал) лимиттердің шегінде тұр және тұрақты жақсаруды көрсетеді. Ағымдағы қаржылық тұрақтылық Қорға ішкі нарықта да (5 жылға 5%-бен, 10 жылға 7%-бен), сыртқы нарықта да (5 жылға 3,5%-бен, 10 жылға 5%-бен) арзан қаржыландыру тартуға мүмкіндік береді. Қор компанияларының тобы бойынша қарыз алудың жалпы бос сыйымдылығы 2013 жылдың қорытындылары бойынша шамамен 20 млрд АҚШ долларын құрайды және басым инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бейіндік емес активтерді қайта құрылымдау бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. 2013 жылы 713 бейінді емес активтің 482-сі шығарылды, оның ішінде 405 – сатылды, 19 – таратылды, 55 – жергілікті атқарушы органдарға берілді, 3 – қайта ұйымдастырылды. Таяудағы екі жылда 30 актив пен 45 объектіні шығару жоспарланып отыр. Бұл бейінді емес ак-

тивтер бойынша 5,7 млрд теңге шығыннан арылуға мүмкіндік береді. Бейінді емес ауыртпалықтан бас тарта отырып, компаниялар бейінді қызметке ден қоя алады.

Қазынашылық функцияны басқарудың мақсатты моделі жақсы тиімділік береді. 2013 жылдың нәтижесі – 16,4 млрд теңге. Үнемге электрондық сатып алу жүйесінің есебінен де қол жеткізіледі. Нәтижесінде 2013 жылы топ бойынша шығыстарды 16,3 млрд теңгеге дерлік қысқартуға қол жеткізілді. Және бұл көрсеткіш жүйе әлеуетінің игерілуіне қарай артатын болады.

2013 жыл инновациялық-индустриялық және инвестициялық саясатты тиімді іске асыру жылына айналды. Мәселен, жобалар кірістілігінің ең төменгі шегін белгілейтін инвестициялық саясат бекітілді (мысалы, ҚМГ – 13,9%, ҚТЖ – 12,4%, ҚАӨ – 15,8%). Бұл компаниялардың инвестициялық белсенділігін ретке келтіреді және кірістілігі аз жобаларды іске асыруды болдырмайды. Бұдан басқа, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ инвестициялық даму стратегиялары қабылданды. 2013 жылы Қордың 8 ірі компаниясында ҒЗТКЖ-ға 2,7 млрд теңге бағытталды. Инновациялық жобаларға инвестициялар 134,1 млрд теңгені құрады.

Қор Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы жобаларының айтарлықтай бөлігін іске асырады. Мәселен, бағдарламаның 81 млрд АҚШ доллары шамасындағы жалпы сомасынан «Самұрық-Қазына» АҚ үлесіне 42% (34 млрд АҚШ доллары) келеді, және 21 мың тұрақты жұмыс орындары құрылады. 2013 жылы Қор компанияларының тобы жалпы құны 30,9 млрд АҚШ доллары болатын 30 инвестициялық жобаны жүзеге асырды. 600 млн АҚШ доллары сомасына 3 жоба аяқталды – күн панельдері өндірісінің толық циклі, аффинаж зауыты және битум өндіру зауыты іске қосылды. ҮИИДМБ шеңберінде: Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара және Жетіген – Қорғас темір жолдарының құрылысы; Мойнақ СЭС салу және қуатын беру; Солтүстік Каспий мұнай тегілімдеріне ден қою экологиялық базасы инвестициялық жобалары толық қуатына шығарылды.

Біз Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша екінші деңгейдегі банктердің капиталынан шықтық. 2013 жылы БТА Банк, Темірбанк және Альянс Банк акцияларын сату жөніндегі транзакциялық құжаттарға қол қойылды.

Даму институттары (ҚДБ, Даму, Қазақстанның инвестициялық қоры, Қазына Капитал Менеджмент және ҚазЭкспорт-Гарант) акцияларының 100 пайыздық пакеттерінің кейіннен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға берілуімен республикалық меншікке берілді.

Біз стратегиялық жоспарлаудың сапасын арттырудамыз. Атап айтқанда, 2013 жылы әрбір компания үшін 10 жылға ҚНК бекіттік. Әрбір көрсеткіш бойынша нәтижелерге тоқсан сайын мониторинг жүргіземіз. Қордың бүкіл тобы өз саласындағы әлемдік көшбасшыларға бағдар алады. Бенчмаркингіні белсенді түрде ілгерілетеміз, оның негізінде компаниялардың мақсатты көрсеткіштерін белгілейміз.

2013 жылы Қор дамуының табыстылығын бағалау және әлсіз жақтарын анықтау үшін халықаралық МакКинзи жетекші компаниясымен бірлесіп бенчмарк-талдау жүргізілді. Әлемде барлығы 73 ұлттық әл-ауқат қоры және ұлттық компанияларды басқаратын 23 мемлекеттік құрылым бар. «Активтердің мөлшері» көрсеткіші бойынша әлемдік рейтингіде біз әлемде 9-орын аламыз. Барлық ұқсас компаниялардың арасында «ақпаратты ашу дәрежесі» көрсеткіші бойынша Қор бірінші орында.

Қазақстан Президенті Қорға және Үкіметке баламалы энергия көздері есебінен EXPO-2017 көрмесі объектілерінің энергиямен толық жабдықталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Біз көрмені дайындау шеңберінде іске асырылатын жобалардың тізбесін жасадық, сондай-ақ көрме объектілерін Астана әкімдігінің энергиямен жабдықтауы мәселесін пысықтадық. 2013 жылы елордада «Жасыл орам» құрылысының пилоттық жобасын әзірлеуге кірістік. Бұдан басқа, Қор компанияларының тобында Жасыл экономика тұжырымдамасын және энергиямен жабдықтау бағдарламасын енгізу басталды.

Әлеуметтік жауапкершілікті Қор алдағы он жылдыққа арналған стратегиялық даму бағыттарының бірі ретінде белгіледі. Біз Қор компаниялары үшін стратегиялық ҚНК ретінде Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін енгіздік, ол өткен жылы 58% құрады. Бұл «қанағаттанарлық» бағасына сәйкес келетін сары аймақ әлі де жұмыс істеу қажеттігін білдіреді, және біз басшылардың жұмысын бақылауға алатын боламыз. Дуалдық оқытудың шеңберінде Қордың 9 компаниясы Қор компанияларына қажетті 26 кәсіп бойынша 1 000 аса оқушыны қамтитын 33 колледжбен ынтымақтастық орнатты.

Біз қол жеткізген нәтижемен тоқтап қалмаймыз. 2014 жылы бірқатар маңызды міндеттерді шешу қажет. Бұл жыл «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бизнесін трансформациялау бағдарламасының бастау алатын жылы. Біздің қызметкерлеріміздің аса жоғары кәсібилігі Қор компаниялары тобының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, индустриялық-инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

4. ҚОР ТУРАЛЫ

МАЗМҰНЫ


4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ



KZ RU EN




## 4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Қор тобының құрылымына мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, телекоммуникация және басқаларды қоса алғанда, экономиканың негізгі секторларының компаниялары кіреді.

Компаниялар тобына 599 ұйым кіреді, олардың ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығы, барлық деңгейлердегі 454 еншілес ұйым (бұдан әрі – ЕҰ) және 145 қауымдасқан және бірлескен ұйымдар, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңына сәйкес Қор тобына кірмейтін заңды тұлғалар мен банктерді қоса алғанда, қаржы инвестициялары бар.

Қор тобының құрылымына мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, телекоммуникация және басқаларды қоса алғанда, экономиканың негізгі секторларының компаниялары кіреді.

Қор компанияларының қызметі акционерлік капиталдың құнын арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыруға жәрдемдеседі.

**«Мұнай-газ» сегменті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ** деген бір компаниямен ұсынылады.

Осы Бағдарламаның шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ-да жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесу жөніндегі жобаларды қарау және бағалау комиссиясы жұмыс істейді. 2013 жылы Қордың жаңа жобаларды қарау жөніндегі комиссиясы 10 жобаны мақұлдады, кейбір жобалар бойынша «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС тарапынан тең қаржыландыру мәселесі пысықталуда.

Қабылданған күш-жігердің нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ отандық тауар өндірушілердің санын ұлғайтуға, отандық өнімнің түр-түрін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткізу ниетінде.

## 4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі

«Самұрық-Қазына» АҚ Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭСАЖ) ақпаратты жинақтауға, яғни – компанияның өсуіне, оның рентабельділігінің артуына ықпал етеді. ЭСАЖ-дың арқасында бюджет қаражатын үнемдеуге және «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) сатып алу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге үлкен қадам жасалды. ЭСАЖ-ды пайдалану сатып алуға қатысушылардың арасында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді нақты уақыт режимінде конкурстық іріктеуді қамтамасыз етеді, сатып алу үдерісіне барлық қатысушылар үшін тең жағдайлар жасайды, қажетті сатып алуды жылдам табады, әлеуетті өнім берушілердің қай аумақта болғанына қарамастан, олардың кең жігінің сатып алуға қатысуы үшін мүмкіндіктер береді.

2013 жылы Қор тобы еншілес және тәуелді компанияларының ЭСАЖ-да электрондық сатып алуды жүзеге асыруға кезең-кезеңімен көшуі жүзеге асырылды. Электрондық сатып алудың жүзеге асырылуына мониторинг жасау мақсатында 9-нысанның автоматтандырылған есептілік жүйесі әзірленді және енгізілді. Жоғарыда көрсетілген нысан бойынша ақпарат шоғырлануда және Қорға ай сайынғы негізде ұсынылуда. 2013 жылдың қорытындылары бойынша Қордың ЕТҰ-ларының ЭСАЖ-ға көшуі 100%-ды құрады.

Бүгінгі таңда ЭСАЖ-ға тапсырыс берушілер, өнім берушілер туралы барлық қажетті ақпарат, сондай-ақ тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы көп деректер қоры жинақталған. ЭСАЖ-да 21 000 астам әлеуетті өнім берушілер және Қордың 248 еншілес және тәуелді ұйым тіркелген.

2013 жылдың қорытындылары бойынша ЭСАЖ-ға 46 889, олардың ішінде 13 119 на сумму 163 млрд теңге сомаға 13 119 сатып алу жарияланды, үнемдеу **16,3 млрд** теңге немесе жоспарлы бағалардың 10%-ын құрады.

Электронды сатып алуды жүзеге асыру тиімділігін және 10-15% шамасында үнемдеу деңгейін қолдау мақсатында бағаны төмендетуге сауда-саттықтарды енгізу бойынша қосымша жұмыс жасалды, осы тәсілдің мәні қатысушылардың тауарға, жұмысқа немесе қызметке арналған бағаның сауда-саттығын қадамдық төмендетуге өнім берушінің өзі үшін ең оңтайлы немесе шекті деп санайтын деңгейге дейін жеткізгенге дейін. Сондай-ақ бірінші кезектегі сатып алу тізбесі арқылы тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу функционалы іске қосылды. Екікезеңдік тендер тәсілімен электрондық сатып алу функционалы және сатып алудың ұзақ мерзімді жоспары бойынша жүзеге асырылатын электрондық сатып алу функционалы қолданысқа енгізілді.

2014 жылы Қор бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолданумен сатып алу санын арттыруды жоспарлап отыр. Төмендетуге сауда-саттықтарды қолдану Холдинг ұйымдарының бюджеттік қаражатын үнемдеуге оң әсерін тигізеді, баға ұсыныстарын беру процесінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді, бұл адал бәсекелестік күрес үшін басты шарт болып табылады, сондай-ақ сауда-саттықтарды жүргізудің әр кезеңінде Тапсырыс берушінің ықпалына жол берілмеуін қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының сатып алуы өзінің әр жақтылығына және елеулі көлемінің болуына байланысты елдегі кәсіпкерлікті дамытуға үлкен ықпалын тигізеді.

Қор компаниялары тобының сатып алу көлемі 2012 жылы 3,48 триллион теңге соманы, 2013 жылы – 3,43 триллион теңге соманы құрады, оның ішінде:
- тауарлар – 1 382 млрд теңге (ЖҚ үлесі – 59%),
- жұмыстар – 1 070 млрд теңге (ЖҚ үлесі – 64%),
- қызметтер – 978 млрд теңге (ЖҚ үлесі – 92%) (1-диаграмма).

МАЗМҰНЫ

4. ҚОР ТУРАЛЫ

4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

KZ RU EN



1-ДИАГРАММА. «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуындағы жергілікті қамту үлесінің серпіні




Қордың сатып алуының негізгі көрсеткіштерінің бірі қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтердің сатып алынатын үлесі болып табылады. 2012 және 2013 жылдарды салыстыра келе, сатып алудағы жергілікті қамтудың оң серпінін көруге болады. Айталық, 2012 жылы жергілікті қамтудың үлесі 63%-ды құрады, 2013 жылы 70%-ды құрады. Сатып алынған тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 12%-ға өсті. Сатып алынған жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамту үлесі 3%-ға артты. Сатып алынған тауарлар мен жұмыстардың жергілікті қамту үлесі көрсеткіштердің тұрақтылығын көрсетеді.

## 4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

### 4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты

Қордың Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 22 ақпандағы шешімімен (№ 88 хаттама) Қордың 2013–2022 жылдарға арналған кадр саясаты бекітілді, ол адам ресурстарын басқару саласындағы пайымды, құндылықтарды, қағидаттар мен негізгі бағыттарды, сондай-ақ осы қызметтің тиімділік өлшемдерін айқындайды.

Кадр саясатында акценттер еңбек ресурстарының сапасын арттыруға, персоналды ұзақ мерзімді жоспарлауға, біліктілік талаптарын және кәсіби стандарттарды күшейтуге, оқу орталықтарын және оқытудың дуальдық жүйесін жаңғыртуға қойылады. Кадр резервтерін қалыптастыруға және басқарушы позициядағы сабақтастықты жоспарлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қызметті бағалау, қызметкерлерді жалғастыру және уәждеу жүйесі арасындағы байланыс күшейтіледі.

Корпоративтік мәдениетті дамытуға, ұйымдық құрылымдарды және жұмыс процестерін басқаруға аса маңызды мән бөлініп отыр, бұл сондай-ақ Кадр саясатының күшті жағы болып табылады және Қор тобындағы кадр менеджментінің дамудың келесі кезеңіне өтуіне қызмет етеді. Кадр саясатын және оның тиімділігінің ҚНК іске асыру іс-шараларының егжей-тегжейлі жоспары әзірленді.

Өзін дамыту және тараптас жоғары білікті кадрларды тарту мақсатында екі бағытта жұмыс жүргізілді.

Біріншіден, басқарушы құрамның сабақтастығын және сапасын қамтамасыз ету мақсатында «ТОП-100» бірыңғай кадр резервінің жобасы іске асырылды.

Екіншіден, Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиясы» Жолдауына сәйкес Қор әлемдік деңгейдегі компанияларда жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті мамандарды Қор тобына тарту бойынша жұмыс жүргізді.

**Бірыңғай кадр резервін дамыту туралы**

Сабақтастық жоспарлары орнын басушы ретінде бекітілген Компаниялардан келген резервшілердің ашықтығын қамтамасыз етеді, олар бос орындар пайда болған кезде негізгі лауазымдарға тағайындалатын болады.

2013 жылы Қор компаниялары (Компаниялардан ішкі үміткерлер болмаған кезде) арасындағы тағайындаулар үшін орнын басушылардың дайындығын қамтамасыз етуге тартылған Қордың ТОП-100 бірыңғай кадр резерві бағдарламасы белсенді дамыды.

2013 жылдың наурызында ТОП-100 резервшілер тізімі бекітілді, оған Қордың қызметкерлері және Қордың 10 компаниясынан басқарушы қызметкерлер кірді.

МАЗМҰНЫ

4. ҚОР ТУРАЛЫ

4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

KZ RU EN



ТОП-100-дің 102 резервшілерінің небәрі Компаниялар ішінде резервшілерді тағайындау статистикасы 21%-ды, Қор компаниялары арасында өткен % қызметкерлер – 3%-ды құрады.

ТОП-100 дамыту бағдарламасы шеңберінде ТОП-100 резервшілері үшін 3 іс-шара өткізді: 2013 жылғы 18 сәуірде ТОП-100 резервшілеріне әлеуетті сыртқы бағалауын зерттеу нәтижелерін таныстырды, 2013 жылы 23 тамызда «Болашақтың қаласы» атты тим-билдинг өткізілді, 2013 жылғы 24 қазанда тәуелсіз директор Ричард Эванспен мастер-класс ұйымдастырылды.

«ТОП–100» бағдарламасын құрайтын ең маңызды құрамдауышы Қор компаниялары тобының ішінде де (Бірыңғай корпоративтік портал және SK News газеті арқылы), сондай-ақ тұтастай алғанда жұртшылықты да кеңінен хабардар ету және жарақтандыру болып табылады.

**Шетелдік мамандарды тарту туралы**

Отандық кадрларды міндетті түрде оқыта отырып, жаңа экономикалық саясатты іске асыру үшін үздік шетелдік мамандарды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуді көздейтін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметовтің 2012 жылғы 29 желтоқсанда бекіткен Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 4-тармағын орындау үшін Қор компаниясына шет елдерден келген менеджерлерді тарту бойынша негізгі тәсілдер, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жіберілген шет елдерден келген үздік мамандарды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар пысықталды.

Шетелдік мамандарды Қор тобына тарту бойынша ұсыныстар 2013 жылғы 22 ақпанда (№ 88 хаттама) Қордың Директорлар кеңесімен қаралды.

Қордың Кадр комитетінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 3/13 шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ тобына шетелдік жұмыс тәжірибесі бар біліктілігі жоғары мамандарды тарту бойынша негізгі тәсілдер бекітілді.

Қордың Жұмыс тобы Қордың тәуелсіз директоры Р. Эванстың қатысуымен (құрамы Қордың Кадрлар комитетінің 2013 жылғы 15 наурыздағы №1 хаттама шешімімен бекітілді) шет елдерден біліктілігі жоғары мамандарды тартуды талап ететін негізгі бағыттар мен проблемалық аймақтар пысықталды және нақтыланды, тартылатын мамандарға қойлатын лауазымдық позициялар мен біліктілік талаптар айқындалды.

Жоғары білікті кандидаттарды іздеу және тарту үшін Қор жетекші әлемдік рекрутингілік ұйымдардың топ парағына кіретін рекрутингілік ұйымдарда персоналды іріктеу бойынша консультациялық қызметтерді сатып алды.

Қазіргі уақытта ҚР Премьер-Министрінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 133-ө өкімімен бекітілген Жоспарға сәйкес Қор 2013 жылы әлемдік деңгейдегі компанияларда топ-менеджерлердің жұмыс тәжірибесі бар 2 маманды жұмысқа қабылдады. Ішкі әңгімелесу нәтижелері бойынша жаңа ұйымдық құрылым шеңберінде Қордың басқа позицияларына кандидаттар іріктелді.

**Қордың Кадр комиеті** Қорға оның тобының кадр саясатын іске асыруға көмектесуге арналған, Қордың стратегиялық мақсаттарын іріктеу жүйесімен байланыстыру арқылы корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға, Қор компанияларының қызметіне баға беру және басқару органдары мен атқарушы органдарының мүшелерін мотивациялауға арналған Қор Басқармасының жанындағы тұрақты түрде жұмыс істейтін кеңес беруші-кеңесу органы болып табылады.

Кадр комитетінің қызметін оңтайландыру және корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында Қор Басқармасының 2011 жылғы 27 маусымдағы шешімімен бекітілген Кадр комитеті туралы ереже жаңартылды (№29/11 хаттама).

Аталмыш Ережеде Кадр комитетінің мәртебесі мен құзыреті, құрылымы мен құрамы, жұмыс тәртібі белгіленген. Кадр комитетінің негізгі міндеттері Қор тобының кадр саясатын іске асыруға, корпоративтік мәдениетті, әлеуметтік саясатты дамытуға байланысты. Бұл жағдайда компаниялардың басқарушы қызметкерлерін тағайындауды (сайлауды) Қордың Кадр комитеті арқылы келісудің қосымша рәсімі алынып тасталған болатын, аталмыш рәсім компанияның Директорлар кеңесінің функцияларының қайталанып отыруына және келісу рәсімінің созылуына әкеп соқтырады, бұл Қор тобындағы корпоративтік басқару процесіне жағымсыз әсерін тигізуде.

Кадр комитеті Қор компанияларының тәуелсіз директорларының лауазымына кандидаттарды қарастыруды және келісуді, бірыңғай кадрлық резервке енгізілген қызметкерлердің тізімін, сондай-ақ Қор тобының кадр саясатын жүзеге асыруға байланысты өзге мәселелерді бекітуді жүзеге асырады.

Кадр комитетінің құрылымына екі комиссия кіреді:
- тұрғын үй комиссиясы;
- корпоративтік мәдениет мәселелері жөніндегі комиссия.

2013 жылы Кадр комитетінің 9 отырысы өткізілді, онда Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуелсіз директорларына кандидаттарды келісу бойынша материалдар қаралды, тартушылықты зерттеу және әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау әдіснамасы бекітілді.

МАЗМҰНЫ

4. ҚОР ТУРАЛЫ

4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

KZ RU EN



## 4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)

«Самұрық-Қазына» АҚ-да дуалдық оқытуды енгізу бойынша Жол картасын (2012 жылғы 20 қыркүйек) іске асыру барысында 2013 жылы Қор компаниялары Қор компанияларында сұранысқа ие болған 26 кәсіп бойынша 1 000 астам оқушыны қамти отырып 33 колледжбен әлеуметтік әріптестік туралы шарт жасасты.

Компания білім беру процесін ұйымдастыруға, еңбек нарығы қажеттілігіне және кадрларды дайындаудың дуальдік жүйесі қағидаттарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларын қалыптастыруға белсенді қатысуда. Қор тобы компаниялары нақты өндірістік жағдайларда оқушыларды оқыту үшін инструкторлар құрамын айқындады. Барлық кәсіпорындарда өндірістік практикадан өтуге арналған жұмыс орындары, басым бөлігінде ақылы практикалар жоспарланды. Кәсіпорындардың инженерлік-техникалық қызметкерлері ТжКБ мекемелерінде оқу процесіне тартылуда. Кәсіпорындар ТжКБ мекемелерінің кабинеттерін, шеберханалары мен зертханаларын материалдық-техникалық жарақтандыруға қатысуда. Колледж оқушылары өндірістік оқыту кәсіпорынның өндірістік алаңдарында да, сондай-ақ кәсіпорындардың оқу орталықтарында да өткізілуде. Осы мақсатта оқу орталықтарын материалдық-техникалық базаны белсенді жарақтандыру жүргізілуде.

Қор сондай-ақ кәсіптік стандарттарды әзірлеу бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп отыр. Қор компанияларында қолданыстағы кәсіптер мен мамандықтар тізбесі қалыптасты. Кәсіптік стандарттарды және біліктіліктің салалық шеңберлерін әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді және оларға сәйкес Қор компаниялары қызметінің бағыттары бойынша 200-ден астам кәсіптік стандарттар әзірленді. Қор компанияларының жұмыс топтарын кәсіптік стандарттарды әзірлеу әдістемесін оқыту жүргізілді.

## 4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу

«Әлеуметтік жауапкершілік» стратегиясының бағыттарын іске асыру шеңберінде 2013 жылғы 26 маусымда Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы Саясат (№ 94 хаттама) бекітілді. Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Жарғыға, Қордың 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясына және Қордың өзге де нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына негізделеді.

Бұдан басқа, әлеуметтік көңіл-күйді диагностикалау және қақтығыстардың алдын алу, Қор тобындағы басшылықтың анықталған теріс факторлар мен процестерге уақтылы ден қоюы, персоналдың бизнес-тиімділігін және Қор тобының әлеуметтік саясатын арттыру мақсатында Қор алғаш рет Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін енгізді.

Қордың әлеуметтік тұрақтылық рейтингі қызметтің стратегиялық әлеуметтік негізгі көрсеткіші (ҚНК) болып табылады және Қордың Басқармасы жанындағы Кадр комитетінің 2013 жылғы 5 тамыздағы (№ 6/13 хаттамасы) бекітілген Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (индексін) айқындау әдіснамасы негізінде жылына бір реттен жиі емес айқындалады.

Рейтингті айқындау мақсаты еңбек ұжымында әлеуметтік тыныштық, өндірістік персоналдың әлеуметтік өзін-өзі сезіну және тартылу деңгейін бағалау, сондай-ақ компанияның әлеуметтік даму деңгейін бағалау болып табылады.

В 2013 жылы Қордың өндірістік компанияларында («Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) әлеуметтік тұрақтылығы рейтингін айқындаудың пилотты жобасы іске асырылды. Тұтастай алғанда, зерттеу нәтижелеріне сәйкес Қор бойынша 2013 жыл ішінде Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 58%-ды құрады, бұл әлеуметтік тұрақтылықтың орташа деңгейіне сәйкес келеді және еңбек ұжымдарында тұрақсыздандыру үшін алғышарттар болған кезде әлеуметтік міндеттерді жеткілікті түрде табысты шешуді білдіреді, олар бойынша компаниялар жұмысты күшейтетін болады.

Орталық әлеуметтік әріптестіктің біртұтас жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта Орталықтың қызметі үш ірі блокқа шоғырландырылған: біріншіден, бұл мемлекеттік органдармен, ҮЕҰ және БАҚ-тармен әлеуметтік жауапкершілік және әріптестіктің барлық бағыттары бойынша тығыз және жемісті өзара іс-қимыл; екіншіден, бұл әлеуметтік-еңбек қатынастарын диагностикалаудың инновациялық әдістемелерін құру және енгізу, және үшіншіден, бұл әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын алдын алудың жаңа тетіктерін енгізу.

Орталық Қордың еншілес және тәуелді компанияларының (бұдан әрі – Қордың ЕТҰ) қызметкерлері арасынан кәсіби медиаторлар мен келіссөз жүргізушілерін дайындауды жүзеге асырады. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қор тобында қазіргі кезде Қордың ЕТҰ еңбек ұжымдарында медиация құралдарын бірлесіп енгізетін және қолданатын 660 медиатор мен келіссөз жүргізушілер дайындалды.

Осыған байланысты, Қор сондай-ақ еңбек қақтығыстарының болуы мүмкін зардаптарының пайда болу және жеңілдету тәуекелін азайту мақсатында еңбек заңнамасын жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Сонымен, 2013 жылы «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасы әзірленді.

Осы заң жобасын реттеудің мәні акционерлік қоғамдардың, оның ішінде жұмыс беруші мен қызметкердің өзара қарым-қатынастарына, әлеуметтік еңбек қақтығыстарына, қызметкерлердің еңбекақы төлеу жүйесі мен өзге де мәселелерге қатысты бөлігіндегі қызмет мәселелері болып табылады.

Заң жобасы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің атына жіберілді.

## 4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі

Қор мен оның Компаниялары топтағы өнеркәсіптік компаниялардың күнделікті қызметіне ең үздік халықаралық стандарттарды енгізуге тырысумен еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың туындау тәуекелін азайту мәселелері Қордың Басқармасы және Директорлар кеңесінің отырыстарында үнемі қарастырылып отырады. Компаниялар басшылығының алдында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қажетті корпоративтік стандарттар мен регламенттерді әзірлеп енгізу міндеті қойылған.

Еңбек қауіпсіздігін жақсарту үшін компаниялар еңбек қызметі барысында өндірістік жарақат алуды азайтуға, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жетілдіруге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған ұйымдық-техникалық іс-шаралардың ішкі жоспарларын іске асырып отырады. Бұл жоспарларда жазатайым оқиғалардың алдын алу және қызметкерлерді қауіпсіздік техникасына үйрету, өндіріс жабдықтары мен аспаптарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

Жыл сайын Қордың компаниялары еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету және өндірістік жарақат алуды азайту іс-шараларына қаржы бөліп отырады.

Қордың компаниялар тобы Қор ЕТҰ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігін толық сезінеді.

Жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ жыл бойы тұрақты негізде Қордағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының жүйесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттармен тұрақты негізде таныстыру шаралары жүргізіліп отырады.

Қор еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жақсарту жауапкершілігін өзіне қабылдайды, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының өндірістік қызмет нәтижелеріне қатынасы бойынша басымдылығын мойындайды.

Заңнама нормаларына сәйкес қызметтердің талап етілетін көлемін ескере отырып, сақтандыру қызметтерінің өнім берушілерін таңдап, қызметкерлерді сақтандыруды жүзеге асырады.

## 4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Қордың компаниялар тобының Қазақстан мен өзге елдердің экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар шаруашылық қызметі миллиондаған адамдардың мүддесін қозғайды. Қордың компаниялар тобының өз қызметін іске асыруы кезінде қоршаған ортаға тигізетін әсері оның қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайды.

Табиғи орта мен биологиялық сан-алуандықтың келешек ұрпақтың игілігі болып табылатынын ескере отырып, Қор өз қызметінде экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді тұрақты дамытудың теңгерімделген саясатын іске асыруда. Табиғи ортаның сапасын қалпына келтіру мен тұрақтандыру үшін Қор барынша тиімді және экологиялық қауіпсіз жобаларды ендіріп отырады.

Қор және оның Компаниялары қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді жұмыс істейтін халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, ғылыми және білім мекемелерімен ынтымақтастықты қолдауда.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қор саясатының негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- Қордың еншілес компаниялары қызметінің қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсеріне баға беру және басқару, алдын алу және төмендету;
- технологиялық жабдықтардың, өндірістік объектілер мен қоршаған ортаның жағдайын сапалы бақылау және мониторингінің корпоративтік жүйесін заманауи деңгейде жасау;
- қоршаған ортаны қорғау саласында ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау саласында экологиялық тәуекелдерді азайту, экологиялық менеджмент және өндірістік көрсеткіштерді жақсарту бойынша қызметке барлық персоналды тарту.

Өндірістік компаниялар тазартқыш табиғат қорғау құрылыстарын қайта салу, қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін жетілдіру, өндірістік және іргелес аймақтарды көгалдандыру, қоршаған табиғи ортаның күйіне экологиялық мониторинг жүргізу және

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

4. ҚОР ТУРАЛЫ

МАЗМҰНЫ

4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

KZ RU EN

МАЗМҰНЫ

4. ҚОР ТУРАЛЫ

4.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
4.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ
4.4. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
4.4.2. Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі
4.4.2. Корпоративное казначейство. Эффективность управления деньгами
4.5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
4.5.1. Қордың инвестициялық саясаты
4.5.2. Іске асырылатын және жоспарланып отырған ірі инвестициялық жобалар
4.5.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу
4.6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
4.7. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМЫТУ
4.7.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013-2022 жылдарға арналған бағдарламасы
4.7.2. Электрондық сатып алу жүйесі
4.8. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
4.8.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты
4.8.2. Жұмысшы кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)
4.8.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
4.8.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
4.8.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық
4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

KZ RU EN



т.б. сол сияқты іс-шаралардың есебінен қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру жұмысын жүргізді.

Бұдан бөлек, Қор әлеуметтік әріптес үшін жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде негізгі талап ретінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың барлық талаптарына жауап беретін жоғары технологиялық және тиімді қайта өңдеуші өндірістерді салу, инновациялық технологияларды дамыту және пайдалану бойынша талапты қамтиды.

Тұтастай алғанда, 2013 жылдың қорытындылары бойынша Қордың негізгі еншілес ұйымдары қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерінің көрсеткіштерін азайту беталысы сақталды.

Қоршаған ортаны қорғаудың көпшілік қабылдаған нормаларын сақтау қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерді азайтуға мүмкіндік беретіні белгілі.

## 4.8.6. Демеушілік және қайырымдылық

Қор спортты, дене шынықтыруды, білім беруді, денсаулық сақтауды, қоршаған ортаны қорғау саласын қолдауға арналған әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысып отырады.

Қор мен оның еншілес компанияларын демеушілік және қайырымдылық қолдауы ашықтыққа негізделген және Компанияның беделін нығайтуға, Қор мен Компаниялар тобының жағымды бет-бейнесін құруға, олардың танымалдық дәрежесін арттыруға және қабылдаушылығын жақсартуға ықпал етеді.

Қордың жоғары беделі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметтің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Демеушілік пен қайырымдылықтың тиімді саясаты Қордың қызметкерлерінің тарапынан Қорға деген сенімінің артуына және Қорды оның қызметкерлерінің, сондай-ақ тұтастай Қоғамның жақсы қабылдауына ықпал етеді, сондай-ақ Қор жайлы бизнес-әріптестердің жағымды пікірін нығайтып және олардың тиімді экономикалық іс-қимылдар жасауы мен қолайлы шешім қабылдауына ықпал етеді.

Қазіргі әлемде әлеуметтік жауапкершілік тек қана демеушілік пен қайырымдылық ретінде ғана емес, сонымен қатар компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттыратын тиімді қызмет ретінде қабылданады. Қор мен ЕТҰ қоғам (сыртқы) мен қызметкерлердің алдындағы (ішкі корпоративтік) әлеуметтік жауапкершілік саясатын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады.

Сыртқы әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі басымдылық бағыттары мыналар:
- құзыреті шеңберінде әлеуметтік саладағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесу болып табылады.

Ішкі корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі басымдылық бағыттары мыналар:
- қызметкерлерге арнап еңбек жағдайларын жасау;
- қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен жақсартуға арнап жағдай жасау;
- қызметкерлерді кәсіби оқыту және дамыту болып табылады.

Демеушілік және қайырымдылық қызметі компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттыратын тиімді қызмет ретінде қарастырылады.

# 4.9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ИМИДЖДІК КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ имидждік және коммуникациялық саясаты Басқарманың сыртқы отырысының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 69/13 хаттамасымен бекітілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2014–2022 жылдарға арналған имидждік және коммуникациялық саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Корпоративтік басқару кодексіне, Қордың Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

Саясат Қордың ақпараттық-имидждік жұмысын жүйелендіретін және беделдікті басқарудағы құзыреттілік деңгейлерін, Қор өз PR қызметінде бағдарланған коммуникациялар мен стратегиялық нысаналы топтардың негізгі арналарын айқындайтын Қордың ішкі құжаты болып табылады. Саясат Қор компаниялары тобын, PR-де дағдарысты жағдайларға әсер ететін кодтау жүйесін қабылдаудың бірыңғай өзегін құру, Қор топ-менеджменті ішінен пікірлердің көшбасшыларын құру ретінде осындай жаңа енгізілмені ұсынады.

Саясатта көрсетілген шараларды қабылдау Қор компаниялары тобын сарапшылар, шетелдік қоғамдастық және Қазақстан Республикасы халқының кең ортасы арасында қолдаудың жаңа деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді.

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

KZ RU EN



# 5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қор тобына ең үздік корпоративтік басқару практикасын енгізу Қордың алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 1202 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясында корпоративтік басқару деңгейін арттыру компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру бағыттары шеңберінде жеке міндет ретінде бөліп көрсетіледі.

Стратегияны іске асыру шеңберінде Қор өз компанияларында корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша дәйекті жұмыс жүргізіп келеді.

2013 жылы жұмыс мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Қордың компанияларымен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру және Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру;
2. Корпоративтік басқаруды диагностикалау (деңгейді бағалау);
3. Қор тобы ішінде корпоративтік басқару бойынша тәжірибе алмасу және әлеуетті арттыру.

**Қордың компанияларымен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру және Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру**

Қордың стратегиясында стратегиялық холдинг ретінде 2022 жылға қарай Қордың пайымы мәлімделді.

Стратегиялық холдинг моделі директорлар кеңесі арқылы басқаруға негізгі топтастырумен Компаниялардың стратегиялық басшылығын көздейді.

2013 жылы ЕТҰ басқару жөніндегі регламент әзірленді (Governance Manual), соның негізінде ЭЫДҰ елдерінің (Жаңа Зеландия) практикасы қойылған. Регламент Директорлар кеңестеріндегі өкілдері арқылы және толассыз үдерістер көмегімен акционер ретінде Қордың ЕТҰ-лармен өзара іс-қимылын жүйелендіруге бағытталған. Басқарудың бірыңғай циклі шеңберінде ЕТҰ басқарудың нақты жүйесі жасалды: Жоспарлау; Жоспарларды іске асыру; Бақылау және Мониторинг; Нәтижелерді бағалау.

Регламентте Компаниялардың басқару моделіне директорлар кеңестері арқылы өтуге және акционер ретінде Қордың, директорлар кеңестері мен менеджмент арасындағы құзыреттіліктер мен жауапкершіліктерді нақты шектеуге бағытталған бастамалар бекітілді:

- Акционердің күтулері (жыл сайын Қор алдағы жылға ДК алдына міндеттер қояды);
- Компаниялардың ДК толық құрамымен Қор Басқармасының отырысы. Отырыстарда акционердің деңгей мәселелері: Компаниялардың стратегиялық даму, даму жоспарларын іске асыру мәселелері, акционерлердің жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерді бекті (жылдық қаржылық есептілік, жылдық есеп, т.б.), Компаниялар қызметінің өзге де мәселелері талқыланды;
- Корпоративтік күнтізбе: корпоративтік органдардың бір жылға арналған мәселелерін қарау тәртібі мен мерзімдерін регламенттейді;
- Қор тобы тәуелсіз директорларымен Басқарма төрағасының кездесулерін өткізу бойынша бастама жалғастырылды. 2013 жылы екі кездесу өткізілді: 21-22 мамырда және 21-22 қарашада. Тәуелсіз директорлар үшін арнайы web-портал іске қосылды және жұмыс істейді.

**Корпоративік басқару диагностикасы (деңгейді бағалау)**

Корпоративтік басқару деңгейін мониторингілеу және өлшеу мақсатында 2009 жылдан бастап тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, Қорда және еншілес ұйымдарда корпоративтік басқару диагностикасын жыл сайын жүргізуде. Корпоративтік басқару диагностикасы Қор тобында корпоративтік басқару жүйелерін дамытудың оң серпінін көрсетуде (2-диаграмма):

Қор компаниялары өтпелі кесте бойынша, кезекпе-кезек диагностикалауда. 2013 жылы бес компанияда корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және «Қазпочта» АҚ. Нәтижелер оң трендті көрсетіп отыр. Қазірдің өзінде 2013 жылы екі компания 2015 жылғы көрсеткішке қол жеткізді – Қазақтелеком және Қазпочта (80%-дан астам және тиісінше 75%), басқа компаниялар 70%-ға шектен асып отыр (ҚМГ, ҚТЖ, Қазатомөнеркәсіп).

Корпоративтік басқаруды диагностикалау қорытындылары бойынша 2013 жылы Компания Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, енгізуде.

2013 жылғы 17 маусымда Қордың Басқармасы ЖШС нысанында Қор тобы компанияларында корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі бекітілді.

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





2-ДИАГРАММА. «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау нәтижелерінің серпіні




**Корпоративтік басқару бойынша Қор тобы ішінде тәжірибе алмасу және әлеуетті арттыру**

Тәжірибе алмасу және оқытушы іс-шаралар корпоративтік басқаруды дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы аспектіге жыл сайын елеулі назар аударып отыр.

2013 жылы мынадай маңызды іс-шаралар іске асырылды:

- 1 шілдеде Ұлыбританияның Премьер-Министрі Д. Кэмеронның Қазақстан Республикасына сапары шеңберінде Қор мен Ұлыбританияның Директорлар институты (ДИ) арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумның мақсаты Қордың стратегиялық міндеттерін қолдау үшін әріптестікте жұмыс істеуде екі тараптың ниеті болып табылады. Меморандум шеңберінде ДИ өз бағдарламалары бойынша Қор тобының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін оқытады;
- VI Астана экономикалық форумы шеңберінде 22 мамырда «Корпоративтік басқару жүйесіндегі қазіргі заманғы әлемдік үрдістер және қолданыстағы практика» атты панельдік сессия өткізілді. Талқылау қорытындылары бойынша Қордың өкілдері корпоративтік басқару тақырыбында дөңгелек үстелді 2014 жылы АЭФ шеңберінде жүргізуге ниет білдіргенін мәлімдеді;
- 6 маусымда «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Корпоративтік омбудсмендер кеңесінің отырысы өткізілді;
- 10-12 маусымда «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының омбудсмендері үшін «Менеджерлерге арналған медиациялық құзыреттер» атты тақырыпта оқытып-үйрететін семинар болды (омбудсмендер «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларында корпоративтік медиатор қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін корпоративтік медиаторларды куәландыруды алды);
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының және Корпоративтік хатшылар клубының Корпоративтік хатшылар кеңесі мүшелерінің бірлескен отырыстары өткізілді;
- Қор тобы қызметкерлері үшін 26 қарашада акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде Қордың корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесі бойынша корпоративтік басқару диагностикасының практикалық аспектілері бойынша екі оқытып-үйретуші семинар өткізілді.

**Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты**

Қорда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді олардың жеке қызметі мен мүдделері Қордағы міндеттерін орындауға қайшы келмеуі үшін қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделер қақтығысына байланысты нақты бұзушылықтар Қордың беделіне зиян келтіруі және оған қоғамдық сенімін кетіруі мүмкін. Осыған байланысты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделер қақтығысының тіпті көзге көрерлік жағын жасауы мүмкін жағдайлардан қашуы мүмкін.

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

KZ RU EN



Мүдделер қақтығысына байланысты негізгі аспектілер Қордың Іскерлік этика кодексінде көрсетілген. «Самұрық-Қазына» АҚ Іскерлік этика кодексіне сәйкес Қорда Омбудсмен тағайын далды.

Омбудсменнің негізгі функциялары Кодекстің ережелерін сақтамау мәліметтерін жинау, қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға Кодекстің ережелері бойынша кеңес беру, Кодекс ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасау болып табылады.

Бұдан бөлек, 2013 жылы Қор «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұйымдардың корпоративтік басқаруды және қызметін жетілдіру мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасын (Заң жобасы) әзірледі.

Қордың 2012 жыл ішіндегі қызмет қорытындыларына арналған «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылғы 7 ақпандағы кеңейтілген кеңесінде берілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметовтің тапсырмаларын орындау үшін Заң жобасының тұжырымдамасы Қор Басқармасының төрағасы Ө.Е. Шөкеевтің 2013 жылғы 20-21 мамырда өткен Қор компаниялары тобының тәуелсіз директорларымен кездесуге қатысушылардың қарауына шығарылды.

Осы кеңестің тапсырмаларын іске асыруда заң жобасы және оған қатысты тұжырымдама Қор Басқармасының 2013 жылғы 9 шілдедегі шешімімен мақұлданды. Бұдан басқа, олар Қор Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 10 қыркүйектегі отырысында да қаралды.

Заң жобасы ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің атына жіберілді.

Бұдан басқа, Заң жобасы мемлекеттік органдардың Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп іске асыратын корпоратвтік басқару саласында Қазақстанның заңнамасын реформалау жобасы шеңберінде құрылған Техникалық комитеттің отырыстарында қаралады.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын басшылыққа алу туралы есеп**

Қордың корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілді. Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің басым бөлігі орындалуда.

2013 жылдың ішінде Қор мына ережелерді қоспағанда, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өз міндеттемелері мен талаптарын орындады:

| Кодекстің ережесі | Мәртебесі |
|---|---|
| 28. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қордың Жарғысымен айқындалады, бұл ретте тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі сандық құрамының бестен екісінен кем болмауға тиіс.<br><br>87. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және оларды мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қордың жарғысымен айқындалады, бұл ретте тәуелсіз директорлардың саны директорлар кеңесінің сандық құрамының бестен екісінен кем болмауы тиіс. | Ішінара сақталған<br><br>Қазіргі кезде Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі 37,5%-ды құрайды (бестен екісінен кем болмауы немесе 40% болуы тиіс).<br><br>Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда жақсы жағына қарай өзгерістер болғанын, сол себепті 2013 жылы осы үлес 27%-ды құрағанын, ал 2014 жылғы 8 қаңтарда ҚР Үкіметінің №1493 қаулысы қабылданғанын, соған сәйкес 8 мүшеден тұратын, олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылатын Қордың Директорлар кеңесінің жаңа құрамы бекітілгенін атап көрсетеміз. |
| 29. Әрбір Директордың жұмысын бағалау жүйесі Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерінде олардың жұмыстарын ынталандыруды қамтамасыз етуге тиіс. Әрбір Директордың жұмысын бағалау жүйесінің негізі Қордың Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары туралы ережеде бекітілген мақсаттар, міндеттер, міндеттемелер мен функциялар, сондай-ақ корпоративтік басқарудың халықаралық озық практикасы ұсынымдарына сәйкес Директорлар кеңесіне өз міндеттерін озық түрде шешуге және Қордың табысты және тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша үлес қосуға мүмкіндік беретін сол міндеттемелер мен функциялардың орындалуын бағалау болып табылады. | Ішінара сақталған<br><br>Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілген жоқ.<br><br>Консультанттарды тарта отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін тәуелсіз бағалау жүргізу мәселесі 2012 жылы мамырда Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитетінің қарауына шығарылды. Комитет тәуелсіз бағалауды жүргізбеу шешімі қабылданды. |

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



| Кодекстің ережесі | Мәртебесі |
|---|---|
| 49. Қор өз қызметінде Заңнама талаптарына және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жалпы танылған стандарттарға сәйкес қоршаған ортаға барынша ұқыпты және ұтымды қатынастар қағидаттарын басшылыққа алады.<br><br>50. Қор өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарында экологиялық аудит жүргізуге ұмтылатын болады. | Ішінара сақталған<br><br>Экологиялық аудитті жүргізу практикасы жүйелі болып табылмайды.<br><br>Қор экология мәселесіне көңіл бөліп отыр. Өндірісте экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қор Стратегиясының міндеттерінің бірі болып табылады. «Қордың адам ресурстарын және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамыту» бөлімінде барынша егжей-тегжейлі ақпарат ашып көрсетілген. |
| 56. Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясатын және оның қағидаларын бекітеді және оларды оқтын-оқтын қайта қарайды, олардың кезінде оларды шешу Қор мен Жалғыз акционердің мүдделеріне барынша жауап беретін болады.<br><br>171. Қорда Жалғыз акционердің өтініштерін тіркеудің және корпоративтік дауларды тиімді реттеу жүйесі қабылданды. | Ішінара сақталған<br><br>Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеу қағидасын бекіткен жоқ. Бұл ретте корпоративтік қақтығыстарды реттеу жөніндегі кейбір ережелер Қордың корпоративтік басқару кодексінде көзделген.<br><br>2013 жылдың ішінде Қорда корпоративтік қақтығыстар жағдайлары болған жоқ. |
| 69. Корпоративтік басқарудың нақты құрылымдары, рәсімдері және практикасы Қордың Жарғысымен және ішкі құжаттарымен, оның ішінде:<br>– Директорлар кеңесі туралы;<br>– Басқарма туралы;<br>– Комитеттер туралы;<br>– Корпоративтік хатшы туралы;<br>– Ішкі бақылау жүйесі туралы;<br>– Тәуекелдерді басқару туралы;<br>– Ақпаратты ашу туралы ережелермен реттеледі | Ішінара сақталған<br><br>Қорда ақпараттың ашу туралы ереже бекітілген жоқ.<br><br>Ақпаратты ашу қағидаттары акционерлік қоғамдар туралы қолданыстағы заңнамада, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарының регламенттерінде реттеледі. |
| 83. Әрбір Директор өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесінің және Комитеттің барлық отырыстарына қатысуға міндетті. Директорлар кеңесі туралы ережеде айтылған ерекше жағдайларда ғана осы нормадан қалыс қалуына жол беріледі. | Ішінара сақталған<br><br>Отырыстарға келушілердің саны туралы толық ақпарат «Директорлар кеңесі» бөлімінде келтірілген. |
| 85. Директорлар кеңесі өз қызметінің және жекелеген директорлардың жұмысын бағалау тетігін әзірлейді, Директорлар мен Басқарманың, комитеттер мен Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалаудың әдістері мен өлшемдерін құрады және тұрақты түрде қайта қарайды.<br><br>119. Директорлар кеңесі жыл сайын өзінің жұмысына, оның комитеттерінің, Ішкі аудит қызметінің, сондай-ақ әрбір Директордың жұмысына ресми және жан-жақты баға беруі тиіс. Директорлардың бір де біреуі өз қызметін бағалау үдерісіне тартылмауы қажет. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады.<br><br>120. Директорлар кеңесінің төрағасы, Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің мықты және әлсіз жақтары танылған және қажет болған кезде Директорлар кеңесіне жаңа мүшелерді сайлау және/немесе Директорларды қызметтен шеттету Жалғыз акционерге ұсынылған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қорытындыларымен танысуы және оны ескере отырып, әрекет жасауы тиіс. | Ішінара сақталған<br><br>Қорда Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің қызметін бағалау жөнінде қағидалар қабылданған жоқ.<br><br>2012 жылы Директорлар кеңесі оның шеңберінде ІАҚ қызметі бағаланатын Қордың Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметі мен сыйақысын бағалау қағидаларын бекітті. Сондай-ақ, 2014 жылы ІАҚ қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу үшін сыртқы консультанттарды тартуды жоспарлауда. |

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



| Кодекстің ережесі | Мәртебесі |
|---|---|
| 90. Директорлар кеңесі жаңадан сайланған Директорлар лауазымға толыққанды енуі үшін оларға арнап тиісті оқу, сондай-ақ оның Директорлар кеңесінің құрамында жұмысы үшін қажетті білімдері мен дағдыларын тұрақты жетілдіруді ұйымдастырады. | Ішінара сақталған<br><br>2013 жылы Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайланған жоқ және ДК мүшелері үшін тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылмады. Бұл ретте Қорда Директорлардың жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу саясаты қолданылады.<br><br>Қордың Директорлар кеңесіне елдің мемлекеттік жүйесінде жоғары орын алып отырған тұлғалар, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысу үшін қажетті білімдері бар жоғары кәсіби шетелдік тәуелсіз директорлар кіреді. |
| 178. Қор жасау кезінде мүдделілігі бар мәмілелер жасамауға тырысады. Мұндай мәмілелер жасаған жағдайда, Қор Қордың үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Директорлар кеңесі жасау кезінде мүдделілігі бар Қордың еншілес пен тәуелді ұйымдары арасында мәмілелер жасау тәртібін айқындайды. | Ішінара сақталған<br><br>Қор жасау кезінде мүдделілігі бар Қор тобына кіретін ұйымдармен мәмілелер жасайды.<br><br>Осы практика еншілес ұйымдардың меншік құрылымымен, ерекшелігімен және сатып алынатын қызметтер, тауарлар, жұмыстармен түсіндіріледі. Мұндай мәмілелер заңнама нормаларында және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасындағы мәміле жасау қағидаларында реттеледі, олардың жасалуы қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында Қордың Директорлар кеңесі бекіткен ерекше талаптар белгіленген. Бұл ретте Қор өзге тұлғалармен осындай мәмілелерді жасауға ұмтылмайды. |
| 181. Басқарма әзірлейді және директорлар кеңесі бекіткеннен кейін Қордың маңызды корпоративтік оқиғалары саласында келісілген саясатты қадағалайды, мұнда мынадай мәселелерге ерекше назар аударылады:<br><br>– маңызды корпоративтік оқиғаларды іске асыру тетіктері мен рәсімдерін айқындау;<br>– іске асырылатын маңызды корпоративтік оқиғаларды алдын ала мақұлдау және бағалау;<br>– маңызды корпоративтік оқиғаларды жан-жақты талдау және талқылау. | Ішінара сақталған<br><br>Директорлар кеңесі Қордың маңызды корпоративтік оқиғалары саласындағы саясатты бекіткен жоқ.<br><br>Маңызды корпоративтік оқиғалар туындаған жағдайда, осы мәселелер Қор органдарының құзыреті шеңберінде қаралады. Бұдан басқа, Қор өз қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді жариялап отырады, бұл маңызды корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашудың тиісті дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. |

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





# 5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## 5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 11 мүше кірді: С.Н. Ахметов – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Директорлар кеңесінің төрағасы; Б.Т. Сұлтанов – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары; Қ.Н. Келімбетов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары; Ә.Ө. Исекешев – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі; Б.Б. Жәмішев – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі; С.М. Мыңбаев – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрі; Е.А. Досаев – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі; А.В. Мирчев – тәуелсіз директор; Г.Т. Молдажанова – тәуелсіз директор; Р. Эванс – тәуелсіз директор; Ө.Е. Шөкеев – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы.

Сонымен қатар, тәуелсіз директор Г.Т. Молдажанова 2013 жылғы 3 маусымнан бастап Қордың Директорлар кеңесінен шығару туралы өтініш берді, ол қанағаттандырылды.

Мемлекет басшысының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 596, 2013 жылғы 1 қазандағы № 654 Жарлықтарымен С.М. Мыңбаев және Қ.Н. Келімбетов басқа лауазымдарға тағайындалуына байланысты Үкіметтің құрамынан шығарылды.

Мемлекет басшысының 2013 жылғы 6 қарашадағы № 683, № 684 Жарлықтарымен Б.Б. Жәмішев Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрі болып тағайындалды, Б.Т. Сұлтанов Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі болып тағайындалды.

2013 жылғы 31 желтоқсонда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің келесі құрамы жұмыс істеді:

**С.Н. Ахметов** – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Директорлар кеңесінің төрағасы; **Б.Т. Сұлтанов** – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі; **Ә.Ө. Исекешев** – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі; **Е.А. Досаев** – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі; **А.В. Мирчев** – тәуелсіз директор; **сэр Р. Эванс** – тәуелсіз директор; **Ө.Е. Шөкеев** – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен сегіз мүшеден тұратын «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамы бекітілді: С.Н. Ахметов, Б.Т. Сұлтанов, Е.Т. Орынбаев, Е.А. Досаев, сэр Р. Эванс, А.В. Мирчев, Н. Стейплтон, Ө.Е. Шөкеев.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 779 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып К.Қ. Мәсімов тағайындалды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімов сайланды.

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





## АХМЕТОВ Серік Нығметұлы



Директорлар кеңесінің төрағасы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (2012 жылдың қазан айынан бері).

1958 жылдың 25 маусымында туылған, ҚР азаматы. 1985 жылы Қарағанды металлургиялық комбинатының жанындағы втуз-зауытын инженер-металлург мамандығы бойынша, 1993 жылы – Ресей басқару академиясының аспирантурасын (Мәскеу) тәмамдаған.

Экономика ғылымдарының докторы.

1976–1978 жылдары – әскери міндетін өтеу.

1978–1983 жылдары – Қарметкомбинаттың металл жонушысы.

1983–1985 жылдары – комбинаттың комсомол комитетінің хатшысы.

1985 жылы – ЛКМСК Теміртау қалалық комитетінің бірінші хатшысы.

1986–1989 жылдары – Қарағанды облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы.

1989 жылы – Қарағанды облыстық партия комитетінің жауапты ұйымдастырушысы.

1990–1993 жылдары – Ресейдің басқару академиясының аспиранты.

1993 жылы – маркетинг бюросының бастығы, Қарметкомбинаттың СЭБ (Сыртқы экономикалық байланыстар) бөлімінің бастығы.

1994 жылы – «Футау» бірлескен кәсіпорнының басшысы.

1995 жылы – «Кең дала» Қазақстан агроөнеркәсіп биржасының бас директоры.

1996 жылы – қайта құрылған «Кең дала» Орталық Қазақстан тауар биржасының президенті.

1998–2001 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы.

2001–2003 жылдары – Теміртау қаласының әкімі.

2003–2004 жылдары – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары.

2004–2005 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау жұмысы мен кадр саясаты басқармасының Мемлекеттік инспекциясының меңгерушісі.

2005–2006 жылдары – «Атамекен» Қазақстан Жалпыұлттық кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағының атқарушы директоры, кейіннен Басқарма төрағасы.

2006–2009 жылдары – Қазақстан Республикасың көлік және коммуникация Министрі.

2009 жылы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

2009–2012 жылдары – Қарағанды облысының әкімі.

2012 жылдың қаңтар-қыркүйегі – ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары.

2012 жылдың 24 қыркүйегінен бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 4 қазанындағы № 1256 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі №779 Жарлығы негізінде «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметовтің қызметтен кетуі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ АҚ Директорлар кеңесі төрағасының өкілеттіктері тоқтатылды.

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП

5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны

5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп

5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары

5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп

5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





## СҰЛТАНОВ Бақыт Тұрлыханұлы



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1971 жылдың 29 қарашасында Алматы қ. туылған, ҚР азаматы.

1994 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетін, «Автоматика және басқару жүйесі» факультетін, «инженер-электрик» мамандығы бойынша, 1995 жылы – Қазақ мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған.

Алғашқы еңбек жолын 1994 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде мемлекеттік қызметтен бастады.

2004–2006 жылдары – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі.

2006–2007 жылдары – Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы.

2007 ж. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.

2007 жылдың тамызы – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2007 жылдың тамыз айынан бастап 2010 жылға дейін – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2010 жылдың наурыз айынан бастап – ҚР Президентінің көмекшісі.

2007 жылдың қазан айынан бастап 2008 жылдың қазан айына дейін – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚР Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрі ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2010 жылдың 15 наурызындағы № 201 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі ретінде қайта сайланды.

ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 2 ақпанындағы № 194 қаулысымен Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары ретінде қайта сайланған.

ҚР Президентінің 2013 жылғы 6 карашадағы № 684 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі болып тағайындалды.

ҚР Президентінің 2013 жылғы 6 қарашадағы №684 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі болып тағайындалды, сондай-ақ жаңа түрінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

## ИСЕКЕШЕВ Әсет Өрентайұлы



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1971 жылы Қарағанды облысында туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару мектебін (қазіргі – ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы) тәмамдады. Сонымен қатар Оңтүстік Кореядағы, Англия, Германиядағы экономика және қаржы жөніндегі бірқатар арнайы бағдарламаларды тәмамдаған.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау мен реформалар жөніндегі агенттігінде, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде жұмыс істеген. 2002 жылдан бастап 2003 жылға дейін – Қазақстан Республикасы экономика мен бюджеттік жоспарлау министрінің кеңесшісі.

2003 жылдан бастап 2006 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2007 жылдан бастап 2008 жылға дейін – «CreditSwiss» банкіндегі (Қазақстан) қаржылық аспаптар жөніндегі директор.

2008 жылдан бастап 2009 жылдың мамыр айына дейін – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.

2009 жылдың мамыр айынан бастап – Қазақстан Республикасының индустрия және сауда министрі.

2010 жылдың наурыз айынан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі.

ҚР Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2009 жылдың 27 мамырындағы № 785 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі ретінде қайта сайланды.

ҚР Үкіметінің 2010 жылдың 15 наурызындағы № 201 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия мен жаңа технологиялар министрі ретінде қайта сайланған.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 194 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі ретінде қайта сайланды. 2012 жылдың 4 қазанынан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды.

## ДОСАЕВ Ерболат Асқарбекұлы



2012 жылдың 4 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1970 жылдың 21 мамырында Алматы қаласында туылды, ҚР азаматы.

Алматы энергетика институтын, Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін тәмамдады.

2000 жылы – Қазақстан Республикасының вице-қаржы министрі.

2001 жылы – Қазақстанның Даму банкі Директорлар кеңесінің төрағасы.

2001–2003 жылдары – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің төрағасы.

2003–2004 жылдары – Қазақстан Республикасының қаржы министрі; Қазақстандағы Еуропаның Қайта құру және Даму банкінің (ЕҚДБ) басқарушысы; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқарма мүшесі.

2004–2006 жылдары – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі.

2006–2012 жылдары – «ҚазИнвестБанк» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2012 жылдың 25 қыркүйегінен бастап – Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда министрі.

2013 жылдың 16 қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 қазандағы №1256 қаулысымен Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

2013 жылғы 16 қаңтардан бастап – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына жаңа түрінде қайта сайланды.

## Сэр Ричард ЭВАНС



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1942 жылы Блэкпул қ.(Англия) туылған, Ұлыбританияның азаматы.

1960 жылы Корольдік масондық мектебін (Хартфордшир, Лондон) тәмамдады. Еңбек жолын 1960 жылы Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінің Көлік және технологиялар министрлігінің келісімшарттар бөлімінде бастады. Кейінірек «Ferranti Ltd» компаниясының мемлекеттік келісімшарттар бөлімінде жұмыс істеді, «British Aircraft Corporation» (BAC) компаниясы әскери авиация бөлімінің коммерциялық менеджері, «British Aerospace plc.» компаниясының коммерциялық директоры, басқарушы директорының көмекшісі, «British Airospace plc.» компаниясының авиациялық тобының басқарушы директорының орынбасары және директоры, маркетинг жөніндегі директоры, «British Aerospace Defence Company» компаниясының төрағасы, «British Aerospace plc.» компаниясының атқарушы директоры, «BAE Systems» компаниясының төрағасы болып

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





қызмет етті, «United Utilities plc.» компаниясын басқарды; Ланкашир Орталық университетінің ректоры болған.

2006 және 2008 жылдар аралығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланған.

## МИРЧЕВ Александр Васильевич



2008 жылғы 17 қазаннан бастап Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1957 жылдың 28 сәуірінде София қ. (Болгария) туылған, АҚШ азаматы. Заң ғылымдарының магистры, Джордж Вашингтон Университетінің Ұлттық заң орталығы, Вашингтон қ., АҚШ. Ғылым докторы, қасиетті Климент Охридский университеті, София қ., Болгария. ондондағы экономика және саяси ғылымдар мектебінде, Вашингтондағы әлемдік саясат институтында, Бостон университеті мен Гарвардтың бизнес мектебінде дәреже алып және мамандыанды. Президент В. Вилсон атындағы Халықаралық зерттеу орталығының жанындағы ҚХР мен АҚШ арасындағы қатынастар мәселелері жөніндегі Киссинджер институтының Қамқоршылар кеңесінің мүшесі (АҚШ). АҚШ азаматы. Экономикалық өсу және жаңғырту саласындағы ғаламдық стратегиялық шешімдерді ұсынатын «Крулл-корпорейшн» компаниясының (Вашингтон қ., АҚШ) Президенті.

Болгарияның Ғылым академиясы мен Парламентінің жанындағы Академиялық кеңестің мүшесі және Ұлттық орталықтың аға ғылыми қызметкері, Софиялық университеттің дәріс оқушысы, Ресей ғылым академиясының жанындағы Еуропа институтының жетекші халықаралық сарапшысы болған, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының шынайы мүшесі және Украина Сыртқы сауда-саттық пен қаржы университетінің құрметті ғылым докторы болып табылады.

Төрт монография мен көптеген мақалалардың авторы, академиялық және кәсіби журналдардың редакторы және баспагері болған.

2007 жылдан бері – ҚР Премьер-министрінің аға экономикалық кеңесшісі.

2007 жылдан бастап 2008 жылдың қазанына дейін – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы – тәуелсіз директоры.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Тәуелсіз директор ретінде сайланды.

## ШӨКЕЕВ Өмірзақ Естайұлы



2011 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1964 жылы 12 наурызда Түркістан қаласында туылған, ҚР азаматы.

1986 жылы Мәскеу экономикалық-статистикалық институтын тәмамдады. Экономист-математик, экономика ғылымдарының докторы.

1986–1988 жылдары ҚазКСР Мемлекеттік жоспары жанындағы ЖАБЖ ҒЗИ кіші ғылыми қызметкері.

1988–1991 жылдары – Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университетінің аспиранты.

1991–1992 жылдары – Жоспарлау үрдістерін автоматтандыру және басқару құрылымдарын жетілдіру ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері.

1992–1993 жылдары – ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің кеңесшісі.

1993 жылы – ҚР Президентінің Аппараты мен Министрлер Кабинетінің қаржы және еңбек бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

1993–1995 жылдары – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары.

1995 жылдың қарашасынан – 1997 жылдың наурыз айына дейін – Қазақстан Республикасының Экономика министрі.

1997 жылдың наурыз-қазан айларында – Қазақстан

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





Республикасының Экономика және сауда министрі.

1997 жылдың шілде-қазан айларында – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары (макроэкономика, өнеркәсіптің шұғыл қызметі, сауда, көлік, энергетика, ғылым, ТМД елдерімен қарым-қатынас мәселелері жөнінде).

1997 жылдың қазан айынан – 1998 жылдың сәуір айына дейін – «ТұранӘлемБанк» ЖАҚ (БТА) Басқармасының төрағасы.

1998 жылдың сәуір-тамыз айларында – ҚР Президенті Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары.

1998 жылдың тамыз айынан – 2004 жылдың наурыз айына дейін – Қостанай облысының әкімі.

1997 жылдың ақпан-қараша айларында – ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі.

1997 жылдың қараша айынан 1998 жылдың тамыз айына дейін – ҚР тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі.

1997 жылдың наурыз-желтоқсан айларында – «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ бақылау кеңесінің төрағасы.

2004 жылдың наурызынан бастап – Астана қаласының әкімі.

2006 жылдың қыркүйек айынан – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі.

2007 жылдың тамызынан – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары.

2009 жылдың 3 наурызында Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары болып тағайындалды.

2011 жылдың 11 сәуірінде Мемлекет басшысының Жарлығымен қайтадан Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

2011 жылғы 26 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 1600 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.



МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



## 5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп

2013 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 17 отырысы (87-ден 103 аралығында отырыс), олардың ішінде 6 ішкі және 11 сыртқы отырыс өткізілді. Барлығы 119 мәселе қаралды, олар бойынша 156 шешім қабылданып, 49 тапсырма берілді.

Сондай-ақ есепті кезеңде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 6 отырысы (1 ішкі, 5 сыртқы), «Самұрық-Қазына» АҚ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 4 отырысы (2 ішкі, 2 сыртқы) және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің 3 отырысы (2 ішкі, 1 сыртқы). Бұл ретте «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) ішкі отырысында бюджеттік заңнаманың өзгеруіне байланысты «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Мониторингілеу, бақылау және талдау комитетінің қызметін тоқтата тұру туралы 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 91 шешім қабылданды.

2013 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңестерінің отырыстарына «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

| р/с № | ТАӘ, лауазымы | Қатысуы (%-бен) |
|---|---|---|
| 1 | С.Н. Ахметов – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы | 100 |
| 2 | Б.Т. Сұлтанов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі | 100 |
| 3 | Қ.Н. Келімбетов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары* (2013 жылғы 1 қазаннан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы болып тағайындалды), Директорлар кеңесінің мүшесі. | 100 |
| 4 | Ә.Ө. Исекешев – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі | 94 |
| 5 | Б.Б. Жәмішев – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* (2013 жылғы 6 қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрі болып тағайындалды), Директорлар кеңесінің мүшесі | 93 |
| 6 | С.М. Мынбаев – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрі* (2013 жылғы 3 шілдеден бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы болып тағайындалды), Директорлар кеңесінің мүшесі | 100 |
| 7 | Е.А. Досаев – Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі | 94 |
| 8 | Сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор | 100 |
| 9 | А.В. Мирчев – тәуелсіз директор | 88 |
| 10 | Г.Т. Молдажанова– тәуелсіз директор* (2013 жылғы 3 маусымнан бастап Директорлар кеңесінің құрамынан шықты) | 100 |
| 11 | Ө.Е. Шөкеев– «Самұрық–Қазына» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі | 100 |

Кадр мәселелері шеңберінде Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 7 маусымдағы № 93 шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қ.У. Бишімбаевтың өкілеттіктері, сондай-ақ басқа жұмысқа ауысуына байланысты онымен жасалған еңбек қатынастары мерзімінен бұрын тоқтатылды. Осы шешіммен Директорлар кеңесі Д.И. Ердебайды «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі етіп сайлады.

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 4-тармағына сәйкес отандық кадрларды міндетті түрде оқыта отырып, жаңа экономикалық саясатты іске асыру үшін үздік шетелдік мамандарды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Осы тапсырманы орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 1202 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясының іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ шетелдерден біліктілігі жоғары мамандарды тарту жолымен кү-

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



шейтуді талап ететін «Самұрық-Қазына» АҚ негізгі бағыттары мен проблемалық аймақтарын айқындады.

Осыған байланысты, Директорлар кеңесі ішкі отырыста 2013 жылғы 22 ақпандағы № 88 «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлерінің жалпы санын 5 бірлікке ұлғайтуды мақұлдады және «Самұрық-Қазына» АҚ штаттық қызметкерлер санын 155 (жүз елу бес) бірлік етіп бекітті.

Басқарушы қызметкерлерге олардың «Самұрық-Қазына» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде қосқан үлесі үшін қызметтің нәтижелерін бағалау және объективті негіздер құру мақсатында Директорлар кеңесі 2013 жылғы нақты мәндерімен «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлері және «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы қызметтерінің негізгі көрсеткіштерінің картасын бекітті. Бұдан басқа, Директорлар кеңесі 2013–2015 жылдарға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің ұзақ мерзімді негізгі көрсеткіштерін бекітті.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Төрағасы және Басқарма мүшелерінің еңбекақы төлеу талаптарына төрт лауазымдық жалақы мөлшерінде еңбек шартын мерзімінен бұзу кезінде өтемақылық төлемдерді белгілеу бөлігінде толықтыру енгізілді. Осыған байланысты Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасына және мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын айқындады.

Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес 2013 жылы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-қа Қазақстан Республикасының экономикасын және қаржылық жүйесін тұрақтандыру бойынша шараларды іске асыруға бөлінген қаражат есебінен қарыз берді.

Сондай-ақ Директорлар кеңесі «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ жүз пайыздық акциялар пакетін иеліктен айыруды, сондай-ақ «СҚ-Фармация» ЖШС-дағы жүз пайыздық қатысу үлесін республикалық меншікке беру «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын, «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысын орындау шеңберінде «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 2-бабының 3-тармағына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 181-бабының 5-тармағына және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес жүргізу шешімін қабылдады.

Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 91 шешімімен жалғыз қатысушысы «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылатын KGF Management, KGF SLP және KGF IM еншілес компаниялары таратылды.

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 2-бабының 3-тармағына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 53-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасының 2-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі Kazakhmys plc компаниясының саны 58 876 793 (елу сегіз миллион сегіз жүз жетпіс алты мың жеті жүз тоқсан үш) дана акциясын мемлекеттік меншікке белгіленген тәртіппен өтеусіз беру (сыйға тарту) жолымен иеліктен айыруды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

2013 жылғы 26 маусымда Директорлар кеңесі № 94 ішкі отырыста 2012 жыл ішіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекітті және «Самұрық-Қазына» АҚ бір жай акциясына есептегенде 2012 жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері 2 (екі) теңге 61 (алпыс бір) тиын болып бекітілді.

Директорлар кеңесінің сыртқы отырысында 2013 жылғы 1 шілдедегі № 96 «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тың KMG Kashagan B.V. ниеті туралы ақпараты қаралды, ӨБК-дегі қатысу үлесінің 8,33%-ын, North Caspian Operating Company B.V.дағы акциялардың 8,33%-ын және CNPC Kazakhstan B.V. пайдасына North Caspian Transportation Manager Company B.V. акциялардың 8,33%-ын иеліктен айыру жүргізілді.

Жыл бойы Директорлар кеңесінің назарына мынадай ақпарат алынды: «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының бейінді емес активтері мен объектілерін қайта құрылымдау бойынша, «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында Директорлар кеңестерінің қызметін тәуелсіз бағалау жүргізу қорытындылары бойынша, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың екінші деңгейдегі банктер капиталынан шығуы бойынша Мемлекет басшысы тапсырмасының орындалу барысы туралы, «Жасыл орам» жобасын іске асырудың ағымдағы мәртебесі туралы, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың 2011–2015 жылдарға арналған Даму жоспарын орындау туралы, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру барысы туралы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын

МАЗМҰНЫ

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





іске асыру барысы туралы, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және оның тобына кіретін ұйымдардың 2012 жыл ішіндегі демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету туралы есебі, Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу және қаржыландыру туралы, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін Ақпараттық технологиялар стратегиясына негізгі тәсілдер, «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының шығындарын оңтайландыру туралы, «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқаруды диагностикалау нәтижелері туралы, «Альянс Банк» және «Темірбанк» акционерлік қоғамдарының акцияларын иеліктен айыру туралы, «Самұрық Эйр» акционерлік қоғамын құру туралы.

2013 жылы Директорлар кеңесі мынадай құжаттарды бекітті:
– «Самұрық-Қазына» АҚ-ның инвестициялық саясаты;
– «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2013-2022 жылдарға арналған кадр саясаты;
– «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаты;
– жаңа редакциядағы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Тәуекелдерді басқару саясаты;
– жаңа редакциядағы «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидалары;
– жаңа редакциядағы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның елдік лимиттерін белгілеу қағидалары;
– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар;
– «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық бюджетін әзірлеу, бекіту, орындау және мониторингі жасау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар;
– «Самұрық-Қазына» АҚ болжамды бұзушылықтары туралы хабарлама саясаты;
– «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар құнын бағалау әдістемесі;
– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Іскерлік этика кодексіне өзгерістер мен толықтырулар;
– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы тобының Ішкі кредит саясатына өзгерістер мен толықтырулар;
– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму жоспарын орындау бойынша есептерді әзірлеу, бекіту, мониторингі және іске асырылуын бағалау, ұсыну қағидаларына өзгерістер;
– «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің іссапарлары туралы қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар.

Директорлар кеңесі мыналардың күші жойылды деп таныды:
– «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі шешімімен (№ 17 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің тұжырымдамасы;
– Қордың Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі шешімімен (№ 17 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ операциялық тәуекелдерін бағалау және басқару қағидалары.

Директорлар кеңесінің 10 қыркүйектегі № 98 шешіміне сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ-тың «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС қатысу үлесінің 50%-ын және «Қазгидротехэнерго» ЖШС қатысу үлесінің 100%-ын сатып алуы үшін «Самұрық-Қазына» АҚ облигацияларының тоғызыншы шығарылымының талаптары айқындалды.

Тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің есептерін, тәуекелдер бойынша есептерді қарастырды.

Директорлар кеңесінің 10 қыркүйектегі № 98 шешімімен Корпоративтік хатшының орынбасары – «Самұрық-Қазына» корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Ж.Е. Құрманғазиев келесі 2 жылдық мерзімге «Самұрық-Қазына» АҚ омбудсмені болып қайта тағайындалды.

Директорлар кеңесінің шешімдерімен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің және «Самұрық-Қазына» АҚ Халықаралық консультациялық кеңестің құрамдарына өзгерістер енгізілді.

Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына кандидат туралы» мәселені қарады және «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционеріне тәуелсіз директор ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Найджел Джон Стейплтонды сайлауды ұсынды.

2014 жылға Директорлар кеңесі мынадай құжаттарды бекітті: «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспары, «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық бюджеті, «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдер және бақылаулар матрицасы, тәуекел-тәбет, тәуекелдер тізілімі, тәуекелдер картасы, негізгі тәуекел көрсеткіштері, Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың 2014–2018 жылдарға арналған Даму жоспары, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары.

Тұтастай алғанда, Қордың Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 86 хаттамалық шешімімен бекітілген Директорлар кеңесінің 2013 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті.

5.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП
5.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.2.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, ДК мүшелерінің қысқаша өмірбаяны
5.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жұмысы туралы есеп
5.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
5.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяндары
5.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп
5.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ
5.5. ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ
5.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

| Директорлар кеңесінің комитеті | Негізі жасалған күні | 2012 жылғы отырыстар саны |
|---|---|---|
| Аудит жөніндегі комитет | 13.12.2008 ж. | 6 (1 ішкі, 5 сыртқы) |
| Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет | 15.01.2010 ж. | 4 (2 ішкі, 2 сыртқы) |
| Мониторингілеу, бақылау және талдау комитеті | 27.04.2009 ж. | 2013 жылғы сәуірде таратылды. |
| Мамандандырылған комитет | 26.05.2012 ж. | 3 (2 ішкі, 1 сыртқы) |

**Аудит жөніндегі комитет** Қордың қаржылық есептілігінің, ішкі бақылау жөніндегі саясатының және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және есеп берудің тиімділігіне талдау жасау үшін жауапты. Ол сондай-ақ Қордың жекелеген және біріктірілген қаржылық есептіліктерінің біртұтастығын қадағалап, сыртқы аудиторлармен байланысты, соның ішінде олар жүзеге асыратын аудиторлық емес қызметтердің көлемі, деңгейі мен құны бойынша бақылап отырады, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің рөлін және оның жұмысының тиімділігін бақылап отырады.

2013 жылы Аудит жөніндегі комитет 2012 жылы өткізілген 10 отырыс, оның ішінде 2 ішкі отырыспен салыстырғанда барлығы 6 отырыс, оның ішінде 1 ішкі отырыс өткізді. Аудит жөніндегі комитет отырыстарының санын, оның ішінде ішкі отырыстардың санын азайту Аудит жөніндегі комитет құрамынан тәуелсіз директор – Г.Т. Молдажанованың шығуымен түсіндіріледі.

Бір жыл бойы Аудит жөніндегі комитет бірқатар ішкі аудит мәселелерін қарастырып, сондай-ақ 14 аудиторлық есепті, оның ішінде төмендегілерге қатысты жүргізілген тексерулер бойынша есептерді зерделеді:

- Қордың ішкі бақылау жүйесін және АТ инфрақұрылымын бағалау;
- қаржылық тәуекелдерді басқару;
- Қордың әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің қызметі;
- Қордың адам ресурстарын басқару жүйесі;
- АТ қауіпсіздігі және SAP пен БЕЖ енгізу нәтижелері.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Қордың қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау мәселелері және сыртқы аудиторлардың жұмыс нәтижелері қаралды. Сыртқы аудитормен кездесу барысында Аудит жөніндегі комитет Қор тобы бойынша ішкі бақылау жүйесіне жатқызылған ортаға қатысты сыртқы аудитордың есебін егжей-тегжейлі қарастырды.

Осы тәуекел салынған инвестициялардан жоспарланып отырған нәтижені ала алмаудың әлеуетті қаупіне жауапты болады. Осы тәуекел түрін басқару мүмкіндігі негізінде қолайлы тәуекел тұжырымдамасы жатыр, ол күтілетін пайда мен шығын қаупі арасындағы белгілі бір теңгерімге сәйкес келеді, ол жобаның тәуекелдерін бағалау және жобалау тәуекелдерін басқару – рәсімдер кешенін көздейді.

Тәуекелді басқару жөніндегі ағымдағы іс-шараларға:
- инвестициялық жобалардың ағымдағы қоржынын сапалы талдау;
- мемлекеттік органдар, Қор, Қордың еншілес компаниялары, олардың стратегиялық әріптестері тарапынан іс-қимылдарды үйлестіру және келісімділігі;
- сенімді мердігерлерді таңдау;
- Қордың инвестициялық және инновациялық саясатын жаңарту;
- Қордың еншілес компанияларының инновациялық даму және инвестициялық жобаларының рейтингілеріне тоқсан сайынғы мониторинг жатқызылуы мүмкін.

**Кредиттің тәуекел**
Кредиттік тәуекел – тәуекел контрагенттің Қор тобының алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінде және толық көлемде орындамауы не тиісті дәрежеде орындамауы.

Тәуекелдерді уақытылы анықтауға, тұрақты мониторинг жасауға, тұрақты мониторинг жасауға және тиімді басқаруға бағытталған тетіктер тиімділігін арттыру мақсатында, Қор:
- Қордың ішкі саясаты мен қағидаларын өзектендіру арқылы кредит тәуекелі бойынша басқару жөніндегі рәсімдерді ұлғайту жөнінде жұмыс жүргізіледі. Осы жұмыс шеңберінде кредит тәуекелін тиімді басқаруды арттыру үшін тәсілдемелер біршама деңгейде жаңартылады және толықтырылады;
- сыртқы контрагенттер бойынша лимиттер тұрақты түрде белгіленеді және тоқсан сайынғы негізде ол бойынша мониторинг жүргізіледі.

**Валюта бағамдарының жағымсыз тербелуі**
Топ валюта бағамдарының жағымсыз өзгеру тәуекелінің әсеріне түсіп отырады. Топ қарыз қаражаттарын тек сыртқы емес, сондай-ақ ішкі нарықта да тартып отырады, бұл валюталық тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді. Жағымсыз зардаптарға жол бермеу мақсатында валюталық тәуекелге ұшырауына тұрақты талдау жүргізіледі және тиісті шаралар қабылданып отырады.

**Пайыздық құбылмалы ставкалардың ауытқуы**
Пайыздық тәуекелге ұшырауы негізінен пайыздық құбылмалы пайыздық ставкалармен Қор компаниялары тобының ұзақ мерзімді міндеттемелеріне жатады. Қарыздар бойынша қызмет көрсетуге байланысты шығындардың өсімі төлеу қабілетіне жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. Бұл тәуекелді басқару негізінен қарыздар бойынша тұрақты және құбылмалы пайыздық ставкаларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қор тобының негізгі операциялық тәуекелдері еншілес компанияларға шоғырланғанын ескере отырып, осы тәуекелдерді басқару тікелей тәуекелдердің иелерімен, бірақ Қор тарапынан үнемі бақылау кезінде жүзеге асырылады.

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ





# 6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

## 6.1. «Мұнай-газ» сегменті

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.kmg.kz

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ, «ҚазМұнайГаз») – мемлекеттің Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мүддесін танытып отырған, көмірсутегілерді барлайтын, өндіретін, өндейтін және тасымалдайтын ұлттық компания. Акцияларының 100 пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылдың 20 ақпанындағы № 811 Жарлығының негізінде «Казахойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай мен газды тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру арқылы құрылған.

ҚМГ 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес негізгі стратегиялық мақсаты – активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыру арқылы акционерлік құнын барынша көтеру және ұлттық экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға көмек көрсету болып табылады.

**Миссиясы** – Қазақстан Республикасының ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысу ісінен барынша пайда алуын қамтамасыз ету.

**Көрініс** – ҚМГ өндірістік қызметтің жоғары қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті ықпалдастырылған мұнай-газ компаниясы.

**«ҚазМұнайГаздың» көздеген мақсаты** – 2022 жылға қарсы сұйық көмірсутегілердің (мұнай мен конденсаттың) қорын жылына 1 413 млн тоннаға, мұнай өндіру көлемін – жылына 35,4 млн тоннаға дейін арттыра отырып, әлемнің отыз ең ірі мұнай-газ компаниясының қатарына ену.

Мұнай-газ саласында мемлекеттік саясатқа қатысу, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында оларға үлестік қатысу арқылы мемлекеттің мүддесін білдіру, корпоративтік басқару және көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өндеу, сату, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ кәсіптік инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері ҚазМұнайГаз-дың негізгі қызмет түрлері болып табылады.

ҚМГ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген, олар жағымды серпінін көрсетуде.

1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 3 498 327 | 3 809 704 |
| Шығыстар, барлығы | 3 084 904 | 3 321 062 |
| Бір жылға пайда/(шығын) | 413 423 | 488 642 |

2013 жылдың қорытындылары бойынша ҚазМұнайГаз еліміздің мұнай-газ секторында өндірістік қызмет бойынша көшбасшылық жайғасымдарды иеленуде (2-кесте).

2-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер *

| Көрсеткіштер | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна | 21 969 | 21 105 | 21 390 | 22 630 |
| Газ өндіру, млн $м^3$ | 4 912 | 4 850 | 5 528 | 6 924 |
| Магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдау[1], млн тонна | 65,83 | 66,87 | 65,79 | 67,22 |
| Мұнайды теңізбен тасымалдау, мың тонна | 7 082 | 9 234 | 11 355 | 8 878 |
| Магистральдық газ құбырымен газ тасымалдау, млрд $м^3$ | 101,65 | 110,55 | 109,19 | 110,14 |
| Көмірсутегі шикізатын өндеу, мың тонна | 14 766 | 15 326 | 15 884 | 16 050 |

* - өндірістік блоктардың дөңгелектелген деректерінен болмашы ерекшеленуі мүмкін.

[1]«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыры бойынша мұнай тасымалдау көлемін және Batumi Terminals Ltd компанияларының (100%) тасымалдау көлемін және «МұнайТас» солтүстік-батыс құбыр компаниясы» АҚ (51%) мен«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (50%) компанияларының тасымалдау көлемін қамтиды.

САМҰРЫК ҚАЗЫНА

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ

KZ RU EN



**Негізгі іске асырылатын және жоспарланған инвестициялық жобалар:**

- Атырау МӨЗ қайта құру және жаңғырту;
- жол битумдарын шығару;
- Шымкент МӨЗ қайта құру және жаңғырту;
- Павлодар МХЗ жаңғырту;
- Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырын салу;
- Қазақстан-Қытай газ құбырын салу;
- Атырау облысында біріктірілген газ-химия комбинатына (БГХК) жоғары қысымды бұратын газ құбырын салу;
- «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын салудың екінші кезеңінің екінші кезегі» жобасы шеңберінде «Атасу-Алашанқай» мұнай құбырының № 8 МҚС және № 10 МҚС салу, жылына 20 млнтонна мұнайға дейін өнімділікті ұлғайту;
- «Қаламқас-Қаражанбас-Ақтау» және «Өзен – Жетібай – Ақтау» магистральдық мұнай құбырын жаңғырту, 2 әмбебап паромдарды салу/сатып алып, пайдалану;
- Батыс Қазақстан облысында газ турбиналы электр станциясы, Құрық кентіндегі кеме жасайтын зауыт.

## 6.2. «Тау-кен өнеркәсіп» сегменті

### 6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»

www.kazatomprom.kz

KAZATOMPROM

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның (бұдан әрі – ҚАӨ) негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- уран өндіру, уран өнімдерін өңдеу және сату;
- бериллий, танталдан жасалған бұйымдарды шығару мен сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
- электр энергиясын, жылу энергиясын және суды өндіру және сату.

Бүгінгі таңда, ҚАӨ әлемдегі ең ірі уран өндіруші компания болып табылады.

ҚАӨ қызметінің 2013 жылғы негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

1-КЕСТЕ. Қызметтің негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Барлық ЕТҰ қатысу үлесі бойынша ҚАӨ уран өндіру көлемі | 11 931 | 12 568 |
| Жарияланған дивидендтер | 23 501 | 7 637 |
| Барлық кәсіпорындар бойынша тізімдік саны | 25 101 | 27 342 |

2013 және 2012 жылдарға негізгі шоғырландырылған қаржылық қорытындылар 2-кестеде берілген.

2-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 321 746 | 288 283 |
| Азшылық үлесін шегергенге дейінгі пайда/(шығын) | 51 997 | 36 532 |
| Өткізудің өзіндік құны | 243 907 | 229 905 |

2013 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштері 2012 жылғы қорытындылардан төмен болды. Осы серпінге, бәрінен бұрын, әлемдік нарықтардағы табиғи уранға споттық котировкалардың 2013 жылғы төмендеуі есебінен уранның шала тотығын өткізуден түскен кірістің төмендеуі ықпал етті.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның таза кірісі 2013 жылғы азшылық үлесін шегергенге дейін 36 532 млн теңгені құрады, ол 2012 жылғы көрсеткіштен 29,8%-ға төмен.

**Ірі инвестициялық жобалар**

**«Ұжымдық карбонаттар мен сирек кездесетін металдардың жеке қоспаларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» жобасы**

«Ұжымдық карбонаттар мен сирек кездесетін металдардың жеке қоспаларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» жобасын 2010 жылы мамырда құрылған «SARECO» бірлескен кәсіпорны» ЖШС (51% – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, 49% – Sumitomo Corporation) іске асырады. Жоба Степногорск қаласында сирек кездесетін металдардың (бұдан әрі – СКМ) концентраттарының тау-кен байыту кешені мен гидрометаллургиялық өндірісін салуды және пайдалануды болжайды.

2013 жылы мынадай жұмыстар жасалды:

- технологиялық жабдықты кешенді сынап көру аяқталды;
- кешенді сынап көру жүргізілген өнімдердің тәжірибелік топтамалары әлеуетті өнім берушілерге жіберілді;
- «Жобаларды мемлекеттік ведомстволықтан тыс сараптама» РМК оң қорытынды алынды;
- жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алу шеңберінде ҚР ИЖТМ-мен төте келіссөздер өткізілді;
- ҚР Геология комитетінде ТМҚ қорлары бекітілді;

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ





- ЖСМ техникалық концентраты сапасының талап етілген деңгейі қамтамасыз етілді (ЖСМ техникалық концентратының сапасы кез келген өндірушінің дайын өнімін шығаруға мүмкіндік береді);
- зауыт шикізатпен және реагенттермен қамтамасыз етілген;
- біліктілікті арттыру үшін персоналды оқыту жүргізілді;
- талдамалық зертхананың тұрақты әрі дәл жұмысы жолға қойылды.

**«KAZ PV қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдердің өндірісін құру» жобасы**

Жобаны іске асырудың мақсаты негізгі шикізат ретінде 100% қазақстандық кремнийді қолдана отырып, үздік әлемдік технологиялар трансферті негізінде ҚР үшін жаңа өнім – фотоэлектрлік пластиндер мен модульдерді шығаратын өндірістерді құру арқылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қызметін әртараптандыру болып табылады.

Жоба 4 бөліктен тұрады:
1) Кварц өндіру, Сарыкөл кенорны, Үштөбе қ., Алматы облысы («Кварц» ЖШС);
2) «Қазақстандық жоғары жиілікті кварц негізінде металлургиялық өндірісті – металлургиялық кремний өндірісін құру» Үштөбе қ., Алматы облысы («МК «KazSilicon» ЖШС);
3) «Негізгі шикізат ретінде қазақстандық кремнийді қолдана отырып, фотоэлектрлік пластиндер шығаратын өндіріс құру – фотоэлектрлік пластиндер шығаратын зауыт, Өскемен қ., Шығыс Қазақстан облысы («Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС);
4) «Фотоэлектрлік модульдерді құрастыру зауыты, Астана қ. («Astana Solar» ЖШС).

2012 жылғы 25 желтоқсанда Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Астана қаласында зауыттың ресми ашылуы жүзеге асырылды, алғашқы модульдер шығарылды. Астана қаласында өнім шығаратын көлемі бойынша қуаттылығы 50 МВт белгіленген қуаттылық немесе 230 мың еуропалық стандартты және сапалы фотоэлектрлік модульдер. Зауыт өз өнімін шығару үшін тек отандық - қазақстандық металлургиялық кремний пайдаланады.

2013 жылғы желтоқсанда Өскемен қаласында күн ұяшықтары мен күкірт пластиндерін шығаратын зауытты пайдалануға енгізілді.

## 6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.tks.kz

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Тау-Кен Самұрық» АҚ, Қоғам) қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, өңдеу және өткізу саласындағы қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының ұдайы өндірісін жүзеге асыру мақсатында құрылған.

**Миссиясы** – активтердің құны мен ТМК өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ету. Жеке меншік сектормен әріптестікте қоршаған орта мен келешек ұрпаққа қамқорлық көзқараспен ҚПК-ны тиімді барлауды, өндіруді және өңдеуді қамтамасыз ету.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары:
- басым ҚПК-ның жоғары сапалы және ұзақ мерзімді ресурстық базасын қалыптастыру және олардың өндірісін қамтамасыз ету;
- ҚПК-ны барлау, өндіру, өңдеу саласындағы активтердің қоржынын қалыптастыру;
- Жобалардың Research and Development (инновациялық қызмет) дамыту.

**«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері**
Қоғамның 2013 жылдың қорытындылары бойынша тартылған капиталдың рентабельділігі («ROACE») ұқсас 2012 жылмен салыстырғанда оң серпінге ие, ол «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ға «Қазцинк» ЖШС жарғылық капиталындағы 29,82% үлесті беруінен орташа пайдаланылатын капиталдың ұлғаюына байланысты (1-кесте).

1-КЕСТЕ. Қаржылық ҚНК

| Көрсеткіштер | Атауы | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|---|
| ROACE* | | | |
| EBITDA margin* | % | - | - |
| Таза кіріс (шығын) | млн теңге | (608) | 1 670 |

** - көрсеткіштер Жалғыз акционер бекіткен әдістеме бойынша есептелген.*

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ

KZ RU EN

2013 жылы 379 млн теңге мөлшеріндегі жалпы кірістер екінші деңгейдегі банктерге (ЕДБ) уақытша бос ақша қаражатын орналастыру нәтижесінде алынған қаржылық кірістермен және еншілес ұйымға жер қойнауын пайдалану құқығын беру салдарынан жер пайдалану құқықтарын алуға бұрын жіберілген шығындарды қалпына келтіруден кіріс алу арқылы қалыптастырылған.

2013 жылы 1 877 мың теңге мөлшерінде жалпы шығыстар «Тау-Кен Самұрық» АҚ корпоративтік орталығының және еншілес ұйымы «Тау-Кен Алтын» ЖШС-ның жалпы және әкімшілік шығыстарын қамтиды.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның таза кірісі 2013 жылы «Қазцинк» ЖШС жарғылық капиталындағы 29,82% үлесті Қоғамға беру есебінен 2012 жылғы -608 млн теңгеден 1 670 млн теңгеге дейін өсті (2-кесте).

2-КЕСТЕ. Жиынтық (жалпы) кірістер мен шығыстар, млн теңге

| **Көрсеткіштер** | **2012 жыл** | **2013 жыл** |
|---|---|---|
| Жалпы кірістер | 176 | 379 |
| Жалпы шығыстар | 776 | 1 877 |
| Жиынтық пайда | - | - |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымның кірістеріндегі / (шығыстарындағы) үлес | - | 3 167 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 8 | - |
| Таза кіріс / (шығын) | -608 | 1 670 |

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның 2013 жылғы 31 желтоқсанға **меншік капиталы** 214 176 млн теңгені құрады. 2012 жылмен салыстырғанда 208 556 млн теңгеге меншік капиталының ұлғаюы «Қазцинк» ЖШС-ға 29,82% қатысу үлесін «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ға беруге және «Тау-Кен Самұрық» АҚ жарғылық капиталына «Самұрық-Қазына» АҚ салымдары есебінен «Тау-Кен Самұрық» АҚ жарғылық капиталының ұлғаюына, оның ішінде «Астана қаласында аффинаждық зауытты салу» жобасын және қатты пайдалы қабалар (ҚПҚ) бойынша жер қойнауы саласындағы жобаларды қаржыландыруға байланысты.

**Өтімділік көрсеткіштері туралы ақпарат**

Қоғамның қаржы институттарынан қарыздар бойынша міндеттемелері жоқ, оның салдарынан Борыш / EBITDA қаржылық тұрақтылық көрсеткіші есептелмейді.

Қаржылық левередж көрсеткіштері және ағымдағы өтімділік коэффициенті Қоғамның ағымдағы қаржылық жағдайына оң сипат береді, ол инвестициялық жобаларды іске асырудың бастапқы кезеңіне байланысты қаржы институттары мен басқа да қаржы міндеттемелерінен қарыздардың болмауының салдары.

Басым ҚПҚ-ның жоғары сапалы және ұзақ мерзімді ресурстық базасын қалыптастыру және оларды кейіннен өндіруді қамтамасыз ету бойынша стратегиялық бағытты іске асыру мақсатында «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылы төмендегі төрт жер қойнауын пайдалану объектісі бойынша Құрыретті органмен жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасады:

- Қарағанды облысында Алайғыр кенорнында полиметал рудаларын өндіру (20.02.2013 жылы жасалды);
- Қарағанды облысында Спасск мыс кен орнында мыс, алтын және ілеспе компоненттерді барлау (20.02.2013 жылы жасалды);
- Алматы облысында Түйық-Темірлік кен ауданында мыс, қорғасын, барит барлау (27.03.2013 жылы жасалды);
- Жамбыл облысында Гагарин кен орнында алтын барлау (27.12.2013 жылы жасалды).

## 6.3. «Индустриалдық» сегменті

### 6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.ke.kz

«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) республиканың ең ірі машина жасау кәсіпорындарына бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз етіп отырған холдингілік құрылым болып табылады. Компанияның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

Компанияның кәсіпорындары мұнай-газ, теміржол, агроөнеркәсіп, жылу-энергетика кешендерін білдіретін тапсырыс берушілерге арнап өнімдерді шығарумен және қызмет көрсетумен, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы жасап шығару және жөндеумен айналысады.

**Компанияның миссиясы** Компания тобына кіретін ұйымдардың активтерін тиімді басқару және ұзақ мерзімді құнын ұлғайту арқылы машина жасау саласын дамытуда мемлекеттің стратегиялық мүддесін іске асырудан тұрады.

САМҰРЫК ҚАЗЫНА

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ

KZ RU EN



**Мақсаты** – «Еңбек өнімділігі» көрсеткіші бойынша біршама тиімді машина жасау корпорацияларының ТОП-50 кіру.

2013 жылы өнімді сатудың шоғырландырылған көлемі 50,3 млрд теңге жоспардың орнына 44,7 млрд теңгені құрады (жоспарды орындау 89%, 2012 жылғы факті 86%, 1-кесте). Жоспарды орындамаудың негізгі факторы 45%-ға арнайы өнім және қосарлы мақсаттағы тапсырыстар көлемін азайту болып табылады (іс жүзінде 13,5 млрд теңге, жоспар 24,8 млрд теңге), атап айтқанда:

– «Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына енгізілген өзгерістер және Компания өніміне күш ведомстволарының мұқтаждығының азаюына байланысты («ҚазинжЭлектроникс» АҚ, «СМЗ» АҚ, «Гидроприбор ҒЗИ» АҚ, «Зенит» ОЗ» АҚ, «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ, «811-ші КИ АЖЗ» АҚ, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, «Омега» ПЖЗ» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ);
– тапсырыс берушіден аккредитивті кеш алуға байланысты, ол бұйымдар топтамасын жөнелтуді кідіртуге әкеп соқтырды. («С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ).

1-КЕСТЕ. ҚШҚ негізгі көрсеткіштері, млрд теңге

| № п/п | Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жоспар | Іс жүзінде | % орындау | 2012 жылға %-бен |
| 1 | Өнім өткізу көлемі | 42,37 | 42,60 | 32,2 | 75% | 75% |
| 2 | Арнайы өнім және қосарлы мақсаттағы өнім | 28,13 | 24,83 | 13,5 | 55% | 48% |
| 3 | Азаматтық өнім | 14,24 | 17,77 | 18,7 | 105 | 131% |
| 4 | Сервистік қызметтер көлемі (инжиниринг) | 9,78 | 7,71 | 12,5 | 163% | 128% |
| 5 | Өнім өткізуден және көрсетілген қызметтерден кіріс (инжиниринг) | 52,15 | 50,32 | 44,7 | 89% | 86% |

Сонымен қатар, азаматтық мақсаттағы өнім бойынша 5%-ға (2012 жылғы фактіге 31%-ға) жоспарлы көрсекішті артығымен орындау мұнай-газ, энергетика және басқа секторлар үшін өнім тапсырыстарының ұлғаюына байланысты.

2013 жылы сервистік қызметтер көлемінің 12,5 млрд теңгеге (жоспардың 163%, 2012 жылғы фактіге 128%) өсуі байқалады. Бұл Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюына байланысты.

Есептік кезеңде кірістер 46 491 млн теңгені құрады. Шығыстар 43 408 млн теңгені құрады.

2013 жылға таза шоғырландырылған пайда 3 083 млн теңгені немесе жоспардың 119%-ын және 2012 жылғы көрсеткіштің 84%-ын құрады (2-кесте).

2-КЕСТЕ. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ негізгі шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштері, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 54 162 | 46 491 |
| Шығыстар, барлығы | 49 603 | 43 408 |
| Жиынтық пайда | 4 558 | 3 083 |

**Компанияның іске асырған және іске асырып жатқан инвестициялық жобалары:**

1. «Eurocopter» компаниясымен ЕС 145 тікұшақтарын шығаратын, жеткізетін және техникалық қызмет көрсететін кәсіпорын құру.
2. «Мұнаймаш» АҚ-ға мұнай өнеркәсібі бұйымдарын механикалық өңдейтін өндірісті жаңғырту.
3. Бронетанкті техниканы жаңғыртуды және күрделі жөндеуді қамтамасыз ету үшін «Семей инжиниринг» АҚ өндірісін жаңғырту.
4. «Тыныс» АҚ-ға газдандырылатын модельдер бойынша құю кәсіпорнын игеру.
5. «Тыныс» АҚ-ға тоқылмайтын материалдар (геотоқыма) өндіру.
6. «ПЗТМ» АҚ-ға электрлік қазандық жабдығын дайындайтын өндіріс құру.
7. Қазақстан Республикасының аумағында электрондық-оптикалық приборлар өндіретін орталық құру.
8. «Indra Systemas S.A.» компаниясымен РЭБ және РЛС жүйелерін жинау өндірісі.
9. Астана қаласында авиациялық-техникалық орталық құру.

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ



## 6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС

www.ucc.com.kz

«Біріккен химия компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – БХК) 2009 жылдың 22 қаңтарында «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2008 жылдың 28 қарашасындағы шешіміне сәйкес құрылған.

**БХК-ның жалғыз қатысушысы** – «Самұрық-Қазына» АҚ.

**БХК-ның ақысы төленген жарғылық капиталы** – 62,4 млрд теңге (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша).

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес келтіру мақсатында БХК-ның 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясы жаңа редакцияда БХК Қадағалау кеңесінің 2013 жылғы 20 наурыздағы шешімімен бекітілді.

**БХК миссиясы** – химия саласын Қазақстан экономикасының озық салаларының біріне айналдыру үшін дамыту.

**Стратегиялық даму бағыттары:**
– БХК ұзақ мерзімді құнын арттыру.
– Ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуға жәрдемдесу.
– Әлеуметтік жауапкершілік.

**2022 жылға қарай негізгі мақсатты қондырғылар:**
– Өндірістің жалпы көлемі 464 млрд теңге.
– EBITDA margin операциялық кірістілігі 35%.
– Еңбек өнімділігі 150 млн теңге/адам.

**БХК негізгі міндеттері:**
– Ұйымға жаңа өндірістік қуаттылықтар құру және қолданыстағыларды жаңғырту;
– Инжинирингілік қызмет;
– Инновациялық қызмет;
– Химиялық кластерлер қалыптастыру.

**Химия саласының мақсатты сегменттері:**
– Минералдық тыңайтқыштарды қоса алғанда, органикалық емес химияның базалық өнімдері (органикалық емес базалық);
– Органикалық химия мен полимерлердің базалық өнімдері (базалық органика);
– Арнайы химикаттардың кейбір түрлері.

2013 жылдың қорытындылары бойынша БХК таза шығыны 2 444,4 млн теңгені құрады және 1 051,8 млн теңгеге ұлғайды. Шығынның өсу себебі жаңадан құрылған компаниялардың шығыстарын шоғырландыру да болып табылады (1-кесте).

1-КЕСТЕ. 2012–2013 жылдардағы негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 361,7 | 997,0 |
| Шығыстар, барлығы | 1 754,4 | 3 441,4 |
| Бір жылға пайда/шығын | -1 392,6 | -2 444,4 |

БХК кірістері, негізінен, «СКЗ-U» ЖШС-ға кесек күкірт өткізумен берілген.Компаниялар тобының шығыстары, негізінен жалпы және әкімшілік шығыстармен берілген. Компаниялар тобы осы сәтте инвестициялық сатыда екеніне байланысты, 2013 жылғы барлық шығыстардың жалпы және әкімшілік шығыстарға 76%-ы және өзіндік құнына – 17%-ы келеді.

2013 жылы шығыстардың өсімі 1 687 млн теңгені құрады ол жаңадан құрылған компаниялардың шығыстарын шоғырландырудан туындаған. Шоғырландыруға 2013 жылы мына еншілес компаниялардың көрсеткіштері де қосылды: «Полимер Продакшн» ЖШС, «ХИМ-плюс» ЖШС және «ХимПарк Тараз» АЭК БК» АҚ.

2013 жылы инвестициялық қызмет негізгі түрі болып табылады, оның шеңберінде БХК мына жобаларды басқаруды жүзеге асырды:
1) Ақмола облысында қуаты жылына 180 мың тонна болатын күкірт қышқылы зауытын жаңғырту;
2) Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу, Бірінші фаза (полипропилен);
3) Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу, Екінші фаза (полиэтилен);
4) Атырау облысында полимерлік өнім өндіру;
5) «Тараз химия паркі» АЭА құру;
6) Глифосат, үш хлорлы фосфор, каустикалық сода және хлор өндіру;
7) Натрий цианидін өндіру;
8) Калий сульфатын өндіру;
9) Қарашығанақ және Қашаған кен орындарымен шикізат базасында мұнай-химия өндірісін ұйымдастыру (үшінші фаза);
10) Бутадиен және синтетикалық каучуктар өндіру;
11) Инжинирингілік қызметтер көрсету.

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ





# 6.4. «Тасымалдау» сегменті

## 6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.railways.kz

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – басқаратын активтерінің көлемі 3,5 млрд АҚШ долларынан асатын Қазақстан Республикасындағы ірі холдинг.

Компания ұзындығы 14,8 мың км, электрленген учаскелері – 4,2 мың км елдің темір жол магистральдық желісіне сүйенеді. Олардың 2000 км жуығын компания Қазақстанның транзиттік басымдылығын біршама нығайта отырып, 2010–2013 жылдарды қоса алғандағы кезеңде салды.

Компанияның мүдделер саласында жүк және жолаушылар тасымалдары, логистика, телекоммуникация, инфрақұрылым, инвестициялық жобалар. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 100% акциясы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына тиесілі.

**Компанияның негізгі даму міндеттері:**

- еңбек өнімділігінің өсуі;
- жүрдек жолаушылар қозғалысын дамыту және ұйымдастыру;
- жүк тасымалдау саласында көшбасшылық ұстанымды қамтамасыз ету;
- отандық темір жол машинасын жасау саласын құру.

Бүгінгі танда Компанияда үш біршама беделді рейтингілік агенттіктердің рейтингілері бар:
1. Standard&Poor's –BBB- /Тұрақты деңгейінде;
2. Fitch Ratings – BBB-/Позитивтік деңгейде;
3. Moody's Investors Service – Baa3/ Тұрақты деңгейінде.

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2013 жылғы қаржылық-экономикалық қызметі**
2013 жылғы жалпы кірістер 2012 жылға қарағанда 8,4%-ға өсті. Ағымдағы қызметке жалпы шығыстар өткен жылдың деңгейіне қарағанда 9,9%-ға ұлғайды (1-кесте). Әкімшілік шығыстардың 18,2%-ға, кредиттер бойынша қаржылық шығыстардың 25%-ға, өткізілген өнімнің өзіндік құнының 5% өсуі және т.б. шығыстардың ұлғаюының негізгі себебі болды.

1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 814 963 | 883 517 |
| Шығыстар, барлығы | 696 100 | 765 081 |
| Бір жылға пайда/шығын | 118 863 | 118 436 |

2013 жылы **тарифтік жүк айналым** 231 248 млн т-км құрады, ол 2012 жылғы фактіден 1,9%-ға төмен және құрылыс жүктері, темір және түсті руданы, қара металды есептемегенде, жүктердің барлық түрлері бойынша тасымалды азайтуға байланысты.

2013 жылы 293 602 мың тонна **жүк тасымалданды**, ол 2012 жылғы деңгейден 0,4%-ға төмен.

2012 жылы **жүк тиеу** 255 232 мың тоннаны құрады, ол 2012 жылғы фактіден 1%-ға төмен.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ шоғырландыруға кіретін тасымалдаушылар бойынша **жолаушыларды жөнелту** 2013 жылы 20 450 мың адам деңгейіне жетті, ол 2012 жылғы фактіден 4,9%-ға жоғары.

**Ірі инвестициялық жобалар**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның инвестициялық қызметі теміржол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тасымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруға бағытталған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 2013 жылға арналған күрделі қаржы жоспары «ҚТЖ ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен 467 858 мың теңге көлемінде бекітілді, атқару 469 849 мың теңгені немесе 100,4%-ды құрады.

Есептік кезеңде мынадай ірі жобалар іске асырылды:

- «Арқалық – Шұбаркөл», «Жезқазған – Бейнеу» жаңа теміржол желілерін салу жөніндегі жұмыс жалғастырылды, желінің бүкіл ұзындығына бас жолды төсеу аяқталды. Есептік жылы игерілген инвестициялардың көлемі 180 329 млн теңгені құрады.
- біршама қаражат жылжымалы құрамды жаңартуға жіберілді, оның ішінде:
  - жалпы сомасы 72 984 млн теңгеге 97 бірлік локомотив сатып алынды және 38 бірлікке күрделі жөндеу жүзеге асырылды;
  - жалпы сомасы 27 942 млн теңгеге 1 704 бірлік жүк вагондары сатып алынды және 1 450 бірлікке күрделі жөндеу жүзеге асырылды;
  - жалпы сомасы 37 785 млн теңгеге 237 бірлік жолаушылар вагондары сатып алынды және 51 бірлікке күрделі жөндеу жүзеге асырылды;
  - 114 млн теңге сомаға 89 бірлік контейнерлер сатып алынды.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ

KZ RU EN



– 39 866 млн теңге сомаға 631 км көлемінде жолдың жоғары құрылысын күрделі жөндеу жүргізілді;
– «Астана қаласында электровоздар шығаратын зауыт салу» жобасын іске асыру жалғастырылды. 2013 жылғы қазанда зауыт пайдалануға тапсырылды (мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды).

www.airastana.com

## 6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Авиакомпания) «Самұрық-Қазына» АҚ (51%) мен BAE Systems британ компаниясының (49%) біріккен кәсіпорны болып табылады.

Авиакомпания 20 ішкі және 43 халықаралық рейстерді орындайды. «Эйр Астана» авиакомпаниясының флоты 30 батыс өндірісінің әуе кемесінен құралған. Компания 2020 жылға қарай 43 ұшаққа дейін өзінің әуе кемесі флотын кеңейтуді жоспарлап отыр.

**Миссиясы** – клиенттердің сеніміне, компанияның мүддесіне және Қазақстан Республикасының мұқтаждығына жауап беретін ең жоғары қауіпсіздік және сервис стандарттарына сәйкес халықаралық және ішкі бағыттар бойынша авиатасымал қызметтерін беру.

**2013 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштері**
Авиакомпанияның негізгі қаржылық көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 131 284 | 147 352 |
| Шығыстар, барлығы | 122 177 | 139 538 |
| Бір жылға пайда/шығын | 9 107 | 7 814 |

Авиакомпанияның кірісі 2013 жылы 147 352 млн теңгені құрады, ол 2012 жылмен салыстырғанда 12,2%-ға көп. Сонымен қатар, авиакомпанияның пайдасы 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 14,2%-ға қысқарды және 7 814 млн теңгені құрайды. Пайданың азаюы 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы шығыстардың 14,2%-ға ұлғаюына байланысты.

Тасымалданған жолаушылардың саны 2013 жылы 3 675 155 жолаушыны құрады. Бұл 2012 жылға қарағанда 13,26%-ға артық. Тасымалданған жолаушылардың санының ұлғаюы 6,6%-ға (2 117 868) ішкі бағыттар бойынша тасымалдау өсуінің есебінен және 23,7%-ға (1 557 287) халықаралық бағыттар бойынша тасымалдау өсуінің есебінен болды.

**Флотты жаңарту**
Авиакомпания паркі 30 батыс өндірісінің қазіргі заманғы әуе кемесінен тұрады және әлемдегі ең жас авиакомпания болып табылады. 2013 жылдың аяғынжа флоттың орташа жас мөлшері 6,4 жылды құрады және 2014 жылдың аяғында 5,6 жылға дейін төмендейді. 2011 жылдан бастап авиакомпания қаржылық және операциялық лизинг үйлесімінде тартылған жаңа әуе кемелерімен паркті жаңарту және кеңейту бағдарламасын іске асыруда: өндіруші зауыттардан тікелей 3 жаңа ұшақ 2011 жылы, 6-ауы 2012 жылы, 7-еуі 2013 жылы және 5-еуі 2014 жылы – барлығы 21 жаңа әуе кемесі жеткізілді.

**Ұшақтарды сатып алуды қаржыландыру**
Жоспарға сәйкес сатып алу шарттары бойынша өндіруші зауыттардан тікелей жеткізілген алты ұшақ экспорт-кредит агенттіктерінің кепілдігімен қаржыландырылды.

**Бағыттық желіні дамыту**
2013 жылы авиакомпания жаңа бағыттар ашу және жұмыс істеп тұрған рейстердің жиіліктерін қосу арқылы бағыттық желіні дамытуды жалғастырды. Мәселен, Астанадан Лондонға, Киев, Оренбург, Бішкек, Алматыдан Хошиминге, Киев, Қостанай, Атыраудан Мәскеуге жаңа бағыттар ашылды.

**2013 жылғы сервис саласындағы жетістіктер**
2013 жылы маусымда Ле-Буржде 50-ші мерейтой Париж авиашоуы шеңберінде өткен Skytrax «Әлем авиакомпаниялары 2013» сыйлығы жеңімпаздарын марапаттау салтанатында «Эйр Астана» кезекті рет Skytrax 4 жұлдызды агенттігінің рейтингісі берілді, сондай-ақ «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік авиакомпания» атауын иеленді. Бұдан басқа, ұлттық авиатасымалдаушыға «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік сервис» сыйлығы белгіленді. Осылайша, «Эйр Астана» Skytrax 4 жұлдызды агенттігінің рейтингісі берілген ТМД және Шығыс Еуропа авиакомпаниялар арасында бірінші әрі жалғыз авиакомпания.

**Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету**
Базалық техникалық қызмет көрсету және әуе кемелерін жөндеу өндірісі бойынша жеке меншік техникалық орталықты дамытуды көздейтін стратегияға сәйкес 2013 жылы авиакомпания Алматы қаласындағы әуежайда базада техникалық мүмкіндіктерді кеңейтуді жалғастырды, мұнда EASA Part 145 стандарттары бойынша мақұлданған цех жұмыс істейді.

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ





2013 жылы компания ұшақтарға линейлік техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін Астанада жеке меншік техникалық орталық салу бойынша жобаға бастамашылық жасады.

**Пилоттарды бастапқы оқыту бағдарламасы**
Ab-initio пилоттарды бастапқы оқыту бағдарламасы – бұл ең жоғары халықаралық стандарттар бойынша Қазақстанның біліктілігі жоғары пилоттарын дайындайтын ұзақ мерзімді жоба. Оқу әлемдегі үш жетекші авиациялық дайындау орталықтарында өткізіледі: Майамиде негізделген AeroSim (Флорида штаты, АҚШ), Коркадағы (Ирландия) Атлантика жазғы дайындық академиясы (Atlantic Flight Training) және Херес қаласындағы (Испания) Еуропалық жазғы мектеп. Оқу аяқталғаннан кейін кадеттер EASA лицензиясын алады. 2013 жылы 59 жаңа пилот оқудан өтті. 2014 жылы 54 жаңа пилот дайындау жоспарланып отыр.

## 6.5. Энергетика

### 6.5.1. «KEGOC» АҚ

www.kegoc.kz

KEGOC

«KEGOC» акционерлік қоғамы – Қазақстан Республикасының Ұлттық желісін басқаратын және Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы болып табылатын компания (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ).

**Миссиясы** – қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

**Көрінісі** – 2025 жылы «KEGOC» АҚ өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы әлемдік деңгейдегі компания мен құзыреттер орталығына айналады.

**Негізгі стратегиялық мақсаты** – жаһандық экономикада бәсекеге қабілетті компанияны құру.

**Қаржылық экономикалық көрсеткіштер**
Компанияның 2013 жылғы барлық кірісі 79 178 млнтеңгені құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 17,1%-ға артық. Компанияның 2013 жылғы операциялық пайдасы 7 596 млн теңгені құрады, бұл 2012 жылға қарағанда 9,4%-ға артық (1-кесте). 2012 жылмен салыстырғанда ол 367 322 млн теңге деңгейіне жетіп, 58%-ға өсті.

1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| Кірістер, барлығы | 67 599 | 79 178 |
| Шығыстар, барлығы | 60 658 | 93 678 |
| Бір жылға пайда/шығын | 6 941 | -14 500 (7 596)[1] |

**Инвестициялық қызмет**
Өңіраралық желіні дамыту және жаңа генерациялайтын қуаттарды енгізу жоспарланған қуаттарды беруді ескере отырып, Компания ұлтық электр желісін жаңғыртуға, республиканың электр энергиясын тұтынушыларға мұқтаждықты жабу мақсатында жаңа электр энергетикасы объектілерін салуға, экспорттық және транзиттік әлеует құруға бағытталған бесленді инвестициялық саясат жүргізеді.

2013 жылы Компания мынадай жобаларды іске асыруды жалғастырды:

**«Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту, II-кезең» жобасы**
Жобаны іске асыру мақсаты нарық жағдайларында электр жабдығының тиімді тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін және сапасын арттыру, жоғары вольтты жабдықтың техникалық және экологиялық қауіпсіздігін арттыру, жабдыққа қызмет көрсету және жөндеуге пайдалану шығындарын азайту, Қазақстанның ҰЭЖ жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету және техникалық деңгейін арттыру болып табылады.

**«Қазақстанның ҰЭЖ 500, 220 кВ желілерге қосатын 500/220 кВ Алма КС салу» жобасы**
Жобаның мақсаты – Алматы өңірінің электрмен жабдықталу сенімділігін қамтамасыз ету, Балқаш ЖЭС бірінші кезекті куатын беру (1320 МВт), Алматы спутник қалаларын дамытуға техникалық мүмкіндік құру, Алматы қаласы индустриалдық паркін салу.

**«Екібастұз – Шүлбі СЭС (Семей) – Өскемен 500 кВ желісін салу» жобасы**
Жобаны іске асыру мақсаты Солтүстік – Шығыс қимасында желілердің өткізу қабілетін ұлғайту, Шығыс Қазақстан облысының тапшылықтарын жабуды қамтамасыз ету болып табылады.

[1]Жақшада «құрылыс» класы бойынша негізгі құралдарға жүргізілген қайта бағалауды есептемегенде, 2013 жылдың қаржылық қорытындылары бойынша алынған көрсеткіштердің мәні көрсетілген.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

1-ші томы 2-ші томы

МАЗМҰНЫ

6. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.2. «ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ
6.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
6.2.2. «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» Ұ ЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3. «ИНДУСТРИАЛДЫҚ» СЕГМЕНТІ
6.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС
6.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ
6.4.1. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
6.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ
6.5. ЭНЕРГЕТИКА
6.5.1. «KEGOC» АҚ
6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
6.6. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ
6.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ
6.7. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ
6.8. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫ

KZ RU EN



**«Осакаровка БТКС 220 кВ ЖЖ жаңғырту» жобасы**
Жобаның мақсаты - Астана қаласы тұтынушыларының электрмен жабдықталу сенімділігін арттыру, сондай-ақ қалада және Астана қаласы индустриалдық аумағында салу жоспарланған объектілерде электр энергияға өсіп келе жатқан мұқтаждықты қамтамасыз ету.

**«Қазақстанның БЭЖ-імен Павлодар энергия торабы байланысын күшейту» жобасы**
Жобаны іске асыру мақсаты Павлодар қаласы тұтынушыларының электрмен жабдықталу сенімділігін қамтамасыз ету және Қазақстанның БЭЖ-іне қаланың электр станцияларының қуатын беру болып табылады.

2013 жылы 42 646 млн астам теңге игерілді, оның ішінде ірі стратегиялық жобаларды іске асыруға – 31 537 млн теңге, қолданыстағы активтерді жаңартуға және ауыстыруға – 2 927 млн теңге.

## 6.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

www.samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) акционері «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады, оған компанияның акциялар пакетінің 100%-ы тиесілі. «Самұрық-Энерго» активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 36 компаниядан тұрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жарғылық капиталы 233 946 млн теңгені құрайды. Қоғамның жарияланған акцияларының саны 5 602 187 жай акцияны, Қоғамның орналастырылған акцияларының саны – 5 463 437 жай акцияны құрады.

**Қоғамның миссиясы**
Еліміздің экономикасының жоғарғы қарқынмен дамуын қолдау үшін және қазақстандықтардың тіршілік ету деңгейін арттыру үшін тұрақты даму арқылы жаһандық энергия экологиялық бастамалар шеңберінде электр және жылу энергиясының, сондай-ақ көмірдің сенімді және тиімді өндірісі мен жеткізілуін қамтамасыз ету.

**Қоғамның бейнесі**
Еуразиялық маңызға ие бәсекеге қабілетті электр энергетикалық холдинг.

**Қоғамның мақсаты**
Негізгі мақсаты – электр энергиясы мен көмірдің жеткізілу сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР БЭЖ тұрақтылығын қолдау.

Қоғам осы мақсаттарға мына міндеттерді жүзеге асыру арқылы қол жеткізетін болады:
1) ұлттық маңыздағы станцияларға бақылау орнату.
2) генерациялау құрылымына оңтайландыру жүргізу.
3) резервтік қуаттылықтарды қамтамасыз ету.
